

«Білім Талапкерінің Мәтіндері»

الأذكار و الآداب

ЗІКІРЛЕР МЕН ӘДЕПТЕР

المستوى التمهيدي

Бастауыш деңгей


Кітап авторы

Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қасим

Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы


مترجم إلى اللغة الكازاخية

ЗІКІРЛЕР МЕН ӘДЕПТЕР



Аударған: «IHSAN OQU ORTALIGY»
Translated by: «IHSAN ACADEMY»

Сайтты шолу және кітаптарды жүктеп алу үшін
QR кодты сканерлеңіз



a-alqasim.com

A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns in black ink, framing the central text. The border consists of four corner pieces and four side pieces, all connected by thin horizontal and vertical lines.

Білім талапкерінің мәтіндер тізімі

ЗІКІРЛЕР МЕН ӘДЕПТЕР

Кітап авторы

Доктор Абдул-Мухсин ибн Мухаммад әл-Қасим

Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы

Бастауыш деңгей



КІРІСПЕ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын!

Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Алланқа тән және оның салауаты мен сәлемі ардақты пайғамбарымыз Мұхаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын. Содан соң:

Расында, Аллаһты еске алу ғибадаттардың ең ұлысы әрі ең жеңілі. Адамның оған деген мұқтаждығы тағам мен сусынға деген мұқтаждығынан да жоғары. Себебі, ол Рахманды разы қылады, шайтанды қуады, уайым-қайғыны кетіріп, бақыт пен қуаныш әкеледі. Кімде-кім Аллаһты еске алса, Аллаһ Тағала оны еске алып, жақсы көріп, Өзіне жақын қылады.

Ислам әдептері – оны ұстанған адамға әшекей болып, адамды ізгілікке жетелеп және оны басқаларға үлгі-өнеге қылады. Ибн Сирин (Аллаһтың оған рахымы болсын): «Сахабалар әдепті білімді үйренгендей үйренуші еді!» – деген.

Зікірлер мен әдептің маңыздылығына байланысты, осы тақырыпта сахих хадистерді жинап, өз тәртібімен баптарға бөліп, екі бөлімнен тұратын (зікірлер бөлімі және әдептер бөлімі), басы артықшылықтар бөлімімен басталатын кітап жазып, оны «**Зікірлер мен әдептер**» – деп атадым.

Білім талап етуші басқаларға үлгі болуы тиіс, сондай-ақ, барлық өмірінде және қарым-қатынастарында ислам әдебін

ұстанып, Аллаһты барлық халінде зікір етуі қажет. Сол үшін, алты деңгейге бөлінген, «Білім талапкерінің мәтіндері» атты кітаптар арасында осы кітапты бастауыш деңгей мәтіні ретінде, талапкер мақсатына жетуге жәрдем болуы үшін бекітілді.

Аллаһ Тағаладан осы кітаппен барлығымызға пайда беруін және қиямет күні оны бізге сауап қоры етуін сұраймын. Аллаһтың салауаты мен сәлемі пайғамбарымыз Мұхаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына болсын.

Доктор Абдул-Мухсин ибн Мұхаммад әл-Қасим

Пайғамбар ﷺ мешітінің имамы

Артықшылықтар бөлімі

(1)

Білім талап етудің артықшылығы

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім білім жолына шықса, Аллаһ Тағала сол арқылы оған жәннатқа барар жолын жеңілдетеді».¹
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кімге Аллаһ Тағала жақсылық қаласа, оған дінде түсінік береді».²
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Адам өлген соң оның барлық амалдары тоқтайды. Тек үш нәрседен басқа: садақа джәрия, пайдалы білім, оған дұға етуші салихалы ұрпағы».³

(2)

Құран үйренудің артықшылығы

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Сендердің ең жақсыларың – Құранды үйреніп және оны (басқаларға) үйреткендерің».⁴
- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Құранды жаттап, оны оқитын адам құрметті періштелермен бірге. Ал, кімде-кім оны оқып қайталайтын болса және ол оған қиынға соғатын болса, оған екі сауап бар».⁵
- 3) Пайғамбар ﷺ айтты: «Құранды оқыңдар! Расында, ол қиямет күні оқыған адамдарға шапағатшы болып келеді».⁶

¹ «Мұслим»

² «Бухари, Мұслим»

³ «Мұслим»

⁴ «Бухари»

⁵ «Бухари»

⁶ «Мұслим»

(3)

Аллаһты еске алудың (зікір етудің) артықшылығы

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Раббысын еске алатын адам мен Оны еске алмайтын адамның мысалы, тірі мен өлінің мысалындай!».¹
- 2) Пайғамбарымыздан ﷺ келген Құдсий хадисте Аллаһ Тағала айтады: «Құлым мен туралы қалай ойласа, Мен сондай боламын. Қашан ол Мені есіне алса, Мен онымен біргемін. Ол Мені жасырын еске алса, Мен де оны жасырын еске аламын. Егер ол Мені өзгелер ішінде еске алса, Мен де оны олардан да жақсы болғандардың ішінде еске аламын».²
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Муфарридундар озып кетті!» - деді. Оған сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Муфарридундар деген кімдер?» - деді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Олар Аллаһты көп еске алушы еркектер мен әйелдер!» - деді.³

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бухари, Муслим»

³ «Муслим»

(4)

Білім мәжілістерінің артықшылығы

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Қандай да бір қауым Аллаһтың үйінде Оның кітабын оқу үшін және оны бір-біріне үйрету үшін жиналса, отырған мәжілістеріне тыныштық түсіп, оларды мейірім баулайды, сондай-ақ, оларды періштелер қоршап, Аллаһ Тағала оларды Өзінің қасындағыларға айтып, еске алады».¹

¹ «Мүслим»

Зікірлер бөлімі

Дэрет алу

(5)

Әжетханаға кірер кезде айтылатын дұға

Қажетін өтейтін жерге кірер алдында Пайғамбар ﷺ былай деген: «**Уа, Аллаһ! Шын мәнінде, мен ер және әйел жын-шайтандардан Өзіңе сиынамын.**»¹

«Аллаһумма инни әбузу бикә минәл-хубуси уәл-хобәис».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبُثِ وَالْخَبَائِثِ.

(6)

Әжетханадан шыққан кезде айтылатын дұға

Қажетін өтейтін жерден шыққан кезде Пайғамбар ﷺ былай деген: «**(Уа, Аллаһ!) кешіріміңді сұраймын.**»²

«Ғуфрónәк». عَفْرَانَكَ

¹ «Бухари, Муслим»

² «Ахмад»

(7)

Дәрет алып болғаннан кейін айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім дәретін ең жақсы түрде алып,кейін: **«Әшһәду әллә иләһә иллаЛлаһу уә әннә Мухаммәдән ъабдуһу уә расулуһ»**. – деп айтса,оған жәннаттың сегіз есігі ашылып, қалаған есігінен кіреді».¹

أَشْهَدُ أَلَّا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَ رَسُولُهُ.

«Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ және шынында, Мухаммад ﷺ Аллаһтың құлы, әрі елшісі екендігіне куәлік беремін».

¹ «Мүслим»

Намаз

(8)

Азан

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Азан айтылған кезде, азаншының айтқанын қайталаңдар. Азан айтылып болған соң, маған салауат айтыңдар».¹

2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, азан естіген уақытта: *«Әшһәду әллә иләһә иллаЛлаһу, уахдаһу лә шәрікә ләһу, уә әннә Мухаммадән ʿабдуһу уа расулуһ, родыйту билләһи роббән, уә би Мухаммадин расулан, уә бил-исләми дүнән»* – десе, оның күнәсі кешіріледі».²

أَشْهَدُ أَلَّا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ
وَرَسُولُهُ، رَضِيْتُ بِاللَّهِ رَبًّا، وَبِمُحَمَّدٍ رَسُولًا، وَبِالْإِسْلَامِ دِينًا.

“Мен Аллһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, Ол жалғыз, Оның серігі жоқ екендігіне және шынында, Мухаммад Аллһтың құлы, әрі елшісі екендігіне куәлік беремін. Аллһты Раббым, Мухаммадты ﷺ Пайғамбарым, Исламды - дінім деп ризалық білдірдім”.

3) Пайғамбарымыз ﷺ: «Тек *«Хаййә ʿаләс- саләһ»* және *«хаййә ʿаләл- фәләх»* дегенде: *«Лә хаулә уә лә қууатә иллә билләһ»*³ – дейді.⁴

لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ

¹ «Мүслим»

² «Мүслим»

³ Бір халден екінші халге ауысу тек Аллһтың көмегімен және Оның күш-қуатымен.

⁴ «Мүслим»

4) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, азан естіп болып: *«Аллаһумма робба һазинид-даъуәтит-тәммәһ, уәс-соләтил-қо-имәһ, әти Мухаммадан әл-уәсүләтә уәл-фәдыйләһ, уәбъасһу мақомән Махмүдәнил-ләзү уәъадтән!»* – десе, қиямет күні оған менің шапағатым болады».¹

اللَّهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةُ التَّامَّةُ، وَالصَّلَاةُ الْقَائِمَةُ، آتِ مُحَمَّدًا
الْوَسِيلَةَ، وَالْفَضِيلَةَ، وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي وَعَدْتَهُ.

«Уа, Аллан! Сен осы толық азанның әрі осы орындалатын намаздың Раббысысың! Мухаммадқа ﷺ әл-уәсиләні² және әл-фәдыйләні³ бере гәр! Әрі Оны Өзің уәде еткен әл-мәқомул-махмүдқа⁴ бағыттай гәр!»

Азан естігенде айтылатын зікірлер тәртібі:

- 1) Азаншының айтқанын толық қайталау, тек *«Хаййә ьаләс-саләһ»* және *«хаййә ьаләл- фәләх»* дегенде: *«Лә хаулә уә лә қууатә иллә билләһ»* – дейді.
- 2) Азаншы *«Әшһәду әллә иләнә иллаЛлаһ»* және *«Әшһәду әннә Мухаммадәр-РасулуЛлаһ»* деп екі реттен айтқаннан кейін: *«Әшһәду әллә иләнә иллаЛлаһу, уахдану лә шәрікә ләһ, уә әннә Мухаммадан ьабдуһу уә расулуһ, родыйту билләһи раббән, уә би Мухаммадин расуләһ, уә бил – исләми дүнән»* – деп айту.

¹ «Бухари»

² Әл-уәсилә – Жәннаттағы тек қана Пайғамбарға ﷺ берілетін орын.

³ Әл-фәдыйлә – Жоғарғы дәреже.

⁴ Әл-мәқомул-махмүд – махшарда ұзақ уақыт тұрудан шаршап, адамдардың есеп-қисабын тездету үшін Пайғамбарымызға ﷺ берілетін Ұлы шапағат.

- 3) Азаншы азан айтып болғаннан кейін: **«Аллаһумма салли уә сәллим ъаля набийнә Мухаммад»** – деп Пайғамбарға ﷺ салауат айту.
- 4) Пайғамбарға ﷺ салауат айтқаннан кейін: **«Аллаһумма робба һазийид-дәъуәтит-тәммәһ, уәс-соләтил-қо-имәһ, әти Мухаммадән әл-уәсүләтә уәл-фадыйләһ, уәбһасһу мәқомән Махмүдәнил- ләзү уәәдтәһ»** – дұғасын айту.

(9)

Мешітке кіргенде және одан шыққанда айтылатын
дұға

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Кімде-кім мешітке кірсе, былай десін: «Уа, Аллаһым! Маған мейірім есіктеріңді аша гөр!»**

«Аллаһумма-фтәх-ли әбуәбә рохматик»!

اللَّهُمَّ افْتَحْ لِي أَبْوَابَ رَحْمَتِكَ.

Ал, шыққан кезде: **«Уа, Аллаһым! Шынында, мен Сенің кеңшілігіңді сұраймын.»**¹

«Аллаһумма инни әс-әлука мин фәдлик»!

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ.

¹ «Мүслим»

(10)

Намаздың басында оқылатын дұға (ду'а әл-истифтәх)

1) Пайғамбарымыз ﷺ намазды бастағанда мына дұғаны оқушы еді: «Уа, Аллан! Сен Пәксің және Саған мадақ! Сенің есімің берекелі және Сенің ұлылығың бәрінен (де) жоғары, әрі Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ».¹

«Субхánәкә-Аллаһуммә уә би-хамдика, уә тәбáрокә-стукә уә тә'áлә джәддүк, уә лә ил'әһә ғойрук».

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ، وَلَا إِلَهَ إِلَّا عَيْرُكَ.

2) Абу Хурайра (Аллах оған разы болсын) айтты: Пайғамбар ﷺ намазды бастап тәкбір айтқаннан кейін, фатиха сүресін оқымас бұрын, аз уақыт үндемей тұрушы еді. Мен оған: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ата-анам сен үшін құрбан болсын. Намазға тәкбір айтқаннан кейін, аз уақыт үндемей тұрғаныңда не нәрсе айтасыз?» – деп сұрадым. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Уа, Аллаһым! Менімен күнәларымның арасын батыс пен шығыстың арасын алыс еткеніңдей алыс ете гөр. Уа, Аллаһым! Ақ киім кірден тазарғандай, мені де күнәларымнан тазарта гөр. Уа, Аллаһым! Менің күнәларымды қар, су және бұршақпен жуа гөр».²

«Аллаһуммә б'әид бәйни уә бәйнә хотой'ай'á кәм'á б'ә'әдтә бәйнәл-мәшриқи уәл-мәғриби. Аллаһуммә нәққини мин хотой'ай'á кәм'á юнәққос-сәубул-әбяду минәд-дәнәс. Аллаһуммә-ғсилни мин хотой'ай'á бис-сәлджи уәл-м'á-и уәл-бәроди».

¹ «Абу Дауд»

² «Бухари, Муслим»

اللَّهُمَّ بَاعِدْ بَيْنِي وَ بَيْنَ خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَ الْمَغْرِبِ،
اللَّهُمَّ نَقِّنِي مِنْ خَطَايَايَ كَمَا يُنَقِّي الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ، اللَّهُمَّ
اغْسِلْنِي مِنْ خَطَايَايَ بِالتَّلْجِ وَ الْمَاءِ وَ الْبَرْدِ.

3) Пайғамбарымыз ﷺ намазды тәкбір айтып бастап, кейін: «Мен ханиф¹ ретінде жүзімді көктер мен жерді жаратқан Аллаһқа бағыттадым және мен мүшріктерден емеспін. Шындығында, менің намазым, құлшылығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ, осыған бұйырылдым, сондай-ақ, мен мұсылмандарданмын. Уа, Аллаһ! Сен Патшасың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Сен менің Раббымсың, мен Сенің құлыңмын. Мен өзіме зұлымдық жасадым, күнәларымды мойындадым, барлық күнәларымды кешіре гөр. Шын мәнінде күнәларды кешіретін Сенен басқа ешкім жоқ. Мені ең көркем мінез-құлықтарға бағытта, Сенен басқа ең көркем мінез-құлықтарға бағыттайтын ешкім жоқ. Менен жаман мінез-құлықтарды кетіре гөр, Сенен басқа мені жаман мінез-құлықтардан арылтатын ешкім жоқ. Міне, мен Сенің алдыңдамын, Саған бойұсынуға әрдайым дайынмын. Барлық жақсылық Сенің қолыңда және жамандық Сенен емес. Мен не істесем де, Сенің көмегіңмен болады және қайтуым Саған. Сен ұлысың әрі Сенің ұлылығың бәрінен де жоғары. Сенен кешірім сұраймын әрі Саған тәубе етемін!» - деп айтушы еді.²

«Уәджәһту уәджһия лил-ләзі фәторос-сәмәуәти уәлардо ханіфан, уә мә әнә минәл-мушрикін, иннә сәләті, уә нусукі, уә мәх-йә-йә, уә мәмәти, лилләһи роббил-

¹ «Таухид иесі - Аллаһтың бірлігін уағыздаушы, парасатты адам».

² «Муслим»

Ъáлáмин,лá шáрúкá лáһ, уá бизáликá умирту уá энá минáл-муслимúн. Аллáһуммá антáл-Мáлику лá илáһá иллá ант.Энтá роббú уá энá ъабдук, золáмту нэфсú, уáътáрофту бизанбú, фáғ-фир лú зунúбú джэмúһан, иннáһу лá яғфируз-зунúбá иллá ант.Уáһдини ли ахсáнил ахлáқи лá яһдú ли ахсáниһá иллá ант, уáсриф ъаннú сáйиэһá, лá ясрифу ъаннú сáйиэһá иллá ант.Лáббáйкá уá сáьдáйк,уáл-хойру куллуһу биядáйк,уáш-шáрру лáйсá илáйк,энá бикá уá илáйк,тáбáроктá уá тáъáлáйт,áстáғфирукá уá áтúбу илáйк».

وَجَّهْتُ وَجْهِيَ لِلَّذِي فَطَرَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ حَنِيفًا، وَمَا أَنَا مِنَ الْمُشْرِكِينَ، إِنَّ صَلَاتِي، وَنُسُكِي، وَمَحْيَايَ، وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ، لَا شَرِيكَ لَهُ، وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا مِنَ الْمُسْلِمِينَ. اللَّهُمَّ أَنْتَ الْمَلِكُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، أَنْتَ رَبِّي، وَأَنَا عَبْدُكَ، ظَلَمْتُ نَفْسِي، وَاعْتَرَفْتُ بِذُنُوبِي، فَاعْفُرْ لِي ذُنُوبِي جَمِيعًا، إِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ. وَاهْدِنِي لِأَحْسَنِ الْأَخْلَاقِ لَا يَهْدِي لِأَحْسَنِهَا إِلَّا أَنْتَ، وَاصْرِفْ عَنِّي سَيِّئَهَا لَا يَصْرِفُ عَنِّي سَيِّئَهَا إِلَّا أَنْتَ. لَبَّيْكَ وَسَعْدَيْكَ وَالْخَيْرُ كُلُّهُ بِيَدَيْكَ، وَالشَّرُّ لَيْسَ إِلَيْكَ، أَنَا بِكَ وَإِلَيْكَ تَبَارَكْتَ وَتَعَالَيْتَ، أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ.

4) Пайғамбар ﷺ түнде намазға тұрғанда, былай бастаушы еді: «Уа, Аллаһым! Жәбірейіл, Микәйіл, Исафилдің Раббысы және көктер мен жердің Жаратушысы, әшкере мен жасырын болған істердің хабарын Білуші! Сен құлдарың өзара келіспей, дауласып қалған (істерге) үкім шығарасың. Өз қалауыңмен мені даулы мәселелерде ақиқат жолына бастай

гөр. Күмәнсіз, Сен қалаған кісіңді тура жолға салушысың».¹

«Аллаһумма робба Джибройла ,уә Микайлә,уә Исрәфилә фатыйрос-сәмәуәти уәл-ард,ъалимәл-ғойби уәш-шәһәдәһ,әнтә тәхкуму бәйнә ыбәддикә фү мә кәну фүһи яхтәлифун.Иһдинү лимәх-тулифә фүһи минәл-хаққи би-изник, иннәкә тәһдү мән тәшә-у илә сыйрәтһийм-мустақим.»

اللَّهُمَّ رَبَّ جِبْرَائِيلَ، وَ مِيكَائِيلَ، وَ إِسْرَافِيلَ، فَاطِرَ السَّمَوَاتِ وَ
الْأَرْضِ، عَالِمَ الْغَيْبِ وَ الشَّهَادَةِ، أَنْتَ تَحْكُمُ بَيْنَ عِبَادِكَ فِيمَا كَانُوا فِيهِ
يَخْتَلِفُونَ، إِهْدِنِي لِمَا اخْتَلَفَ فِيهِ مِنَ الْحَقِّ بِإِذْنِكَ، إِنَّكَ تَهْدِي مَنْ
تَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ.

5) Пайғамбар ﷺ түнде таһаджуд намазына тұрғанда, былай деуші еді: «Уа, Аллаһым! Саған мақтау-мадақтар болсын, Сен көктер мен жердің әрі ондағы (мекен ететін) жанды заттарды басқарып тұрушысың. Және Саған мақтау-мадақтар болсын, Сен көктер мен жердің әрі ондағы (мекен ететін) жанды заттардың Нұрысың. Және Саған мақтау-мадақтар болсын, Сен көктер мен жердің әрі ондағы (мекен ететін) жанды заттардың Патшасысың. Саған мақтау-мадақтар болсын, Сен хақсың, Сенің уәдең де хақ, Сенің сөзің де хақ, Сенімен кездесу де хақ, жәннат та хақ, тозақ та хақ, пайғамбарлар да хақ, Мухаммад та ﷺ хақ, қиямет күні де хақ. Уа, Аллаһым! Саған бойұсындым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Саған тәубе еттім, Сенің жолыңда дауластым және Сенің үкіміңе жүгіндім. Менің бұрынғы және кейінгі істеген күнәларымды және жасырын әрі әшкере күнәларымды

¹ «Муслим»

кешіре гөр. Ілгерілетуші де Сенсің, Кешеуілдетуші де Сенсің, Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ».¹

«Аллаһумма ләкәл-хәмду әнтә қайюумус-сәмәуәти уәл-ардый уә мән фийһинна, уә ләкәл-хәмду әнтә нұрус-сәмәуәти уәл-ардый уә мән фийһинна, уә ләкәл-хәмду әнтә мәликус-сәмәуәти уәл-ардый уә мән фийһинна, уә ләкәл-хәмду әнтәл-хаққу, уә уәъдукәл-хаққу, уә қоулукәл-хаққу, уә лиқо-укә хаққун, уәл-джәннату хаққун, уән-нәру хаққун, уән-нәбийюнә хаққун, уә Мухаммадун хаққун, уәс-сәъату хаққун. Аллаһумма ләкә әсләмту, уә бикә әмәнту, уә ғалайкә тәуәккәлту, уә иләйкә әнәбту, уә бикә хосомту, уә иләйкә хәкәмту, фәғфир ли мә қоддамту уә мә әххорту, уә мә әсрорту уә мә әъләнту, әнтәл-муқоддиму уә әнтәл-му-әххиру лә иләһә иллә әнтә».

اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ قَيُّومُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، وَلَكَ
 الْحَمْدُ أَنْتَ نُورُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، وَ لَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ
 مَلِكُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، وَلَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ الْحَقُّ،
 وَوَعْدُكَ الْحَقُّ، وَقَوْلُكَ الْحَقُّ، وَ لِقَاؤُكَ حَقٌّ، وَالْجَنَّةُ حَقٌّ، وَ النَّارُ
 حَقٌّ، وَ النَّبِيُّونَ حَقٌّ، وَ مُحَمَّدٌ حَقٌّ، وَ السَّاعَةُ حَقٌّ، اللَّهُمَّ لَكَ
 أَسْلَمْتُ، وَ بِكَ آمَنْتُ، وَ عَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ، وَ إِلَيْكَ أُنَبْتُ، وَ بِكَ
 خَاصَمْتُ، وَ إِلَيْكَ حَاكَمْتُ، فَاعْفِرْ لِي مَا قَدَّمْتُ وَ مَا أَخَّرْتُ، وَ مَا
 أَسْرَرْتُ وَ مَا أَعْلَنْتُ، أَنْتَ الْمُقَدِّمُ وَ أَنْتَ الْمُؤَخِّرُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ.

¹ «Бұхари, Мұслим»

(11)

Намаз және Құран оқу кезінде шайтанның азғыруына қарсы айтылатын дұға

Усман бин Абул-Ъас (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға ﷺ келіп былай деді: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Намаз және Құран оқығанымда маған шайтан келіп, азғырып, намазымнан шатастырды». Оған Пайғамбар ﷺ: «**Бұл шайтанның есімі Хинзаб. Егер оның азғырғанын сезсең, Аллаһтан пана сұра да, сол жағыңа үш рет түкір!**» - деді. Кейін Усман: «Мен Пайғамбардың ﷺ айтқанын орындап едім, Аллаһ Тағала оны менен кетірді!» – деді.¹

«Әўзу билләһи минаш-шайтанир-роджим» – деп сол жаққа үш рет түкіру.

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ.

(12)

Рукуъта айтылатын дұғалар

1) Рукуъ жасаған кезде Пайғамбар ﷺ былай айтатын: **«Ұлы Раббым (кемшілік атаулыдан) Пәк!»**²

«Субхана Роббиял-ъазыъм!» – (3 рет).

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ.

¹ «Мүслим»

² «Мүслим»

2) Басқа риуаятта рукуь жасаған кезде Пайғамбар ﷺ: «Уа, Аллаһым! Өзіңе рукуь еттім және Өзіңе иман келтіріп, Өзіңе бойұсындым. Саған құлағым, көзім, миым, сүйегім және сіңірім бой ұсынды!» - деп айтты. ¹

«Аллаһумма ләкә рокәъту, уә бикә әманту, уә ләкә асламту, хошәә ләкә сәмъу, уә бәсору, уә мухху, уә ғазми, уә ғасобу».

اللَّهُمَّ لَكَ رَكَعْتُ وَبِكَ آمَنْتُ وَلَكَ أَسَلْتُ خَشَعْتُ لَكَ سَمْعِي وَبَصَرِي
وَمُخِّي وَعَظْمِي وَعَصَبِي.

3) Пайғамбар ﷺ рукуғы мен сәждесінде мына дұғаны көп айтушы еді:

*«Уа, Аллаһым! Раббымыз Сен пәксің. Барлық мақтау-мадақ Саған тән. Уа, Аллаһым! Мені кешір».*²

«Субхәнәкәл-лаһумма роббәнә уә бихамдик. Аллаһуммағ-фир ли».

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ، اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي.

4) Пайғамбар ﷺ рукуғы мен сәждесінде былай деуші еді: «Аса Пәксің, аса Қасиеттісің және періштелер мен Жәбірейілдің Раббысысың».³

«Суббұхун, құддусун, роббул-мәлә-икати уәр-рұх».

سُبُّوحٌ، قُدُّوسٌ، رَبُّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ.

5) Пайғамбар ﷺ рукуғы мен сәждесінде былай деуші еді: «Күш-құдірет, билік, тәкаппарлық пен ұлылық иесі Аллаһ (кемшіліктен) пәк».⁴

¹ «Мүслим»

² «Бухари, Мүслим»

³ «Мүслим»

⁴ «Абу Дауд»

«Субхана зил-джабарути, уал-малакути, уал-кибрия-и уал-ъазомаһ».

سُبْحَانَ ذِي الْجَبْرُوتِ، وَالْمَلَكُوتِ، وَالْكِبْرِيَاءِ، وَالْعَظَمَةِ.

(13)

Рукуътан көтерілгенде айтылатын дұғалар

1) Пайғамбар ﷺ **«Сәмиъа-Ллаһу лимән-хамидән», «Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)!»** – деп рукуътан көтерілгенде кезде, артында тұрған бір адам: **«Роббанә, уә ләкәл-хамду, хамдән кәсіран, тойибән, мубәракән фийһ», «Раббымыз! Саған мақтау-мадақ, ізгі әрі берекелі мақтау-мадақтар болсын!»** – деді. Намаз біткен соң Пайғамбар ﷺ : **«Бұл сөзді айтқан кім?»** – деп сұрады. Сонда жаңағы адам: **«Мен!»** – деді. Сонда Пайғамбар ﷺ: **«Бұл сөздерді бірінші болып жазуға асыққан отыздан астам періштені көрдім!»** – деді.¹

سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ، رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ، حَمْدًا كَثِيرًا طَيِّبًا مُبَارَكًا فِيهِ.

2) Пайғамбар ﷺ рукуътан бас көтергенде былай деп айтушы еді: **«Уа, Раббымыз! Саған айтқан мақтау-мадақтарымыз көктер мен жерді және олардың арасындағыларды толтырсын, әрі Өзің қалаған нәрселерді толтырсын. Сен мақтау-мадақ пен ұлылыққа лайықтысың. Біз барлығымыз Сенің құлыңбыз және құлыңның айтар сөзінің ең дұрысы: Уа, Аллаһ! Сен берген нәрсеңе ешкім де тосқауыл бола алмайды. Ал Сен бермеген нәрсені ешкім де бере алмайды. Сондай-ақ,**

¹ «Бухари»

бай кісінің мал-мүлкі Сенің қасыңда оған пайда бермейді».¹

«Роббанә ләкәл-хамду, мил-әс-сәмәуәти уәл-ард, уә мил-ә мә ши'тә мин шәй-ин бәъду, әһләс-сәнә-и уәл-мәджд, ахаққу мә қоләл-ъабду, уә куллунә ләкә ъабдун. Аллаһуммә лә мәниъә лимә әътойтә, уә лә муътыйә лимә мәнәътә, уә лә янфәу зәл-дждәдди минкәл-дждәд».

رَبَّنَا لَكَ الْحَمْدُ، مِلْءَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ، وَمِْلْءَ مَا شِئْتِ مِنْ شَيْءٍ
بَعْدُ، أَهْلَ الثَّنَاءِ وَالْمَجْدِ، أَحَقُّ مَا قَالَ الْعَبْدُ، وَكُنَّا لَكَ عَبْدًا. اللَّهُمَّ لَا
مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ، وَلَا مُعْطِيَ لِمَا مَنَعْتَ، وَلَا يَنْفَعُ ذَا الْجَدِّ مِنْكَ الْجَدُّ.

(14)

Сәждеде айтылатын дұғалар

1) Сәжде жасаған кезде Пайғамбар ﷺ былай айтатын: **«Аса Жоғары Раббым Пәк!»**.²

«Субхана Роббиял-Аълә!» – (3 рет).

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى.

2) Басқа хадисте, сәждеде Пайғамбар ﷺ былай айтқан: **«Уа, Аллаһ! Менің кіші-үлкен, әуелгі-кейінгі, әшкере-жасырын жасалған бүкіл күнәларымды кешіре гөр»**.³

«Аллаһуммағ-фир лү зәнбі кулләһу, диққоһу уә джилләһу, уә әууәләһу уә әхироһу, уә ғаләниятәһу уә сирроһ».

¹ «Мүслим»

² «Мүслим»

³ «Мүслим»

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي ذَنْبِي كُلَّهُ، دِقَّةً وَجِلَّةً، وَأَوَّلَهُ وَآخِرَهُ، وَعَلَانِيَتَهُ وَسِرَّهُ.

3) Пайғамбар ﷺ сәжде жасағанда былай деді: «Уа, Аллан! Саған сәжде еттім, Саған иман келтірдім, Саған бойұсындым. Жүзім өзін Жаратқанға сәжде етті. Оны бейнелеп, оған орналастырған есту, көру мүшелері де өздерін Жаратқанға сәжде етті. Расында, Жаратушылардың ең шебері – Ұлы Аллан».¹

«Аллаһумма ләкә сәджәдту, уә бикә әманту, уә ләкә әсләмту, сәджәдә уәджһия лил-ләзү холақону, уә соууәроһу, уә шаққо сәмъәһу уә бәсороһу, тәбарокаЛлаһу әхсанул-хөлиқүн».

اللَّهُمَّ لَكَ سَجَدْتُ وَبِكَ آمَنْتُ وَلَكَ أَسَلْتُ، سَجَدَ وَجْهِي لِلَّذِي خَلَقَهُ
وَصَوَّرَهُ وَشَقَّ سَمْعَهُ وَبَصَرَهُ، تَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ.

(15)

Әт-Тәхийят (Тәшәһүд) сөздері

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «**Айтыңдар!**»: «**Әт-тәхийәту ли-Лләһи, уә-с-соләуәту, уә-т-тойибәту, әс-сәләму ғаләйкә әйюһән-нәбию уә роһмәту-Лләһи уә бәроқәтуһу, әс-сәләму ғаләйнә уә ғалә ғибәди-Лләһис-сөлихүн. Әшһәду әллә иләһә иллаЛлаһу уә әшһәду әннә Мухаммадан ғабдуһу уә расулуһ».**²

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ، وَالصَّلَوَاتُ، وَالطَّيِّبَاتُ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ

¹ «Мүслим»

² «Бухари, Мүслим»

وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَ عَلَى عِبَادِ اللَّهِ
الصَّالِحِينَ، أَشْهَدُ أَلَّا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ.

«Барлық ұлылық пен дұғалар және барлық ізгі амалдар Алланқа тән және Ол лайықты. Уа, Пайғамбар! Саған (Аллаһтың) сәлемі және Аллаһтың рақымы әрі Оның берекеті болсын! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі құлдарына болсын! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне кәуәлік беремін және Мұхаммад – Оның құлы әрі елшісі екендігіне кәуәлік беремін».

2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: **«Айтыңдар!»**: **«Аллаһумма, солли ъалә Мухаммадин уә ъалә әли Мухаммад, кәмә солләйтә ъалә Ибрóһímә уә ъалә әли Ибрóһím, иннәкә Хамíдун, Мәджíд. Аллаһумма бáрик ъалә Мухаммадин уә ъалә әли Мухаммад, кәмә бáрактә ъалә Ибрóһímә уә ъалә әли Ибрóһím, иннәкә Хамíдун, Мәджíд!»**.¹

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَ عَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى
آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَّجِيدٌ، اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَ عَلَى آلِ
مُحَمَّدٍ، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَّجِيدٌ.

«Уа, Аллан! Сен Ибраһимге және оның отбасына игілік еткеніңдей, Мұхаммадқа және оның отбасына да игілік ет, шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың! Уа, Аллан! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніңдей, Мұхаммадқа және оның отбасына да береке бере гөр. Шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!»

¹ «Бухари»

(16)

Сәлем беруден бұрын оқылатын дұғалар

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім тәшәһүд оқып болса, төрт нәрседен Аллаһтан пана сұрасын: «Уа, Аллаһ! Расында, мен Тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Мәсих Дәжжәл бүлігінің кесірінен Өзіңе сиынамын!».¹

«Аллаһумма, инни әбузу бикә мин ғазәби джанәннам, уә мин ғазәбил-қобр, уә мин фитнәтил махйá уәл-мәмáт, уә мин шәрри фитнәтил мәсúхи-д-дәджáл!»

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ جَهَنَّمَ، وَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، وَ مِنْ فِتْنَةِ
الْمَحْيَا وَ الْمَمَاتِ، وَ مِنْ شَرِّ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ.

2) Пайғамбар ﷺ намаз соңында мына нәрселерден Аллаһтан пана сұраған: «Уа, Аллаһ! Расында, мен Саған қорқақтықтан сиынамын және ғұмырдың ең қор шағына оралуымнан, сондай-ақ, дүние бүлігінің кесірінен және қабір азабынан Өзіңе сиынамын».²

«Аллаһумма, инни әбузу бикә минәл-джубни, уә әбузу бикә ән уроддә илә арзәлил-ғумур, уә әбузу бикә мин фитнәтид-дунйá, уә әбузу бикә мин ғазәбил-қобр».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْجُبْنِ، وَ أَعُوذُ بِكَ مِنْ أَنْ أُرَدَّ إِلَى أَرْذَلِ
العُمْرِ، وَ أَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الدُّنْيَا، وَ أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ.

¹ «Мүслим»

² «Мүслим»

3) Пайғамбар ﷺ ташаһуд пен сәлем берудің ортасында былай деп дұға еткен: «Уа, Аллан! Менің бұрынғы-кейінгі, жасырын-әшкере жасаған күнәларымды және шектен шығушылығымды және Өзің менен жақсы білетін күнәларымды да кешіре гөр! Ілгерілетуші де, Кешеуілдетуші де Өзіңсің. Өзіңнен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ».¹

«Аллаһуммағ-фир лú мá қоддәмту, уә мá әхорту, уә мá әсрорту, уә мá әъләнту, уә мá әсрофту, уә мá әнтә әъләму биһи мин-нү. Әнтәл-муқоддиму, уә әнтәл-му-әххиру, лá иләһә иллá әнт».

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي مَا قَدَّمْتُ وَمَا أَخَّرْتُ، وَمَا أَسْرَرْتُ وَمَا أَعْلَنْتُ،
وَمَا أَسْرَفْتُ، وَمَا أَنْتَ أَعْلَمُ بِهِ مِنِّي، أَنْتَ الْمُقَدِّمُ وَأَنْتَ الْمُؤَخِّرُ،
لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ.

(17)

Сәлемнен кейін айтылатын зікірлер

1) Пайғамбарымыз ﷺ намазда сәлем бергеннен кейін: «Әстәғфиру-Ллаһ (3 рет). Аллаһумма, Әнтә-с-Сәләму, уә минкә-с-сәләму, тәбәроктә, йа Зәл-джәләли уәл-икрәм!» - деп айтқан.

أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ ، اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَمِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ
يَا ذَا الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ.

¹ «Бухари»

«Аллаһтан кешірім сұраймын (3 рет). Уа, Аллаһ! Сен Мінсіз («әс-Сәләм» - Аллаһтың қандайда кемшілік атаулыдан пәк екендігіне нұсқайтын Оның көркем есімдерінің бірі), әрі есен-амандық Сенен (Яғни: кез-келген қайғы-қасіреттерден Сен ғана құтқарасың), Уа, Ұлылық пен Құрмет Иесі, Сен Игі әрі Берекелісің».¹

2) Пайғамбарымыз ﷺ намазды бітірген соң былай деп айтқан: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір иләһ жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Уа, Аллаһ! Сен берген нәрсеңе ешкім де тосқауыл бола алмайды. Ал Сен бермеген нәрсені ешкім де бере алмайды. Сондай-ақ, бай кісінің мал-мүлкі Сенің қасыңда оған пайда бермейді».²

«Лә иләһә иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрікә ләһ, ләһул мулку уә ләһул-хамду уә һуә ʿалә кулли шәй-ин қодір. Аллаһуммә лә мәһниъә лимә әһтойтә, уә лә муътыйә лимә мәһәтә, уә лә яһфәу зәл-дждәдди минкәл-дждәд».

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ الْحَمْدُ وَ هُوَ عَلَى
كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ.

اللَّهُمَّ لَا مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ، وَلَا مُعْطِيَ لِمَا مَنَعْتَ، وَلَا يَنْفَعُ ذَا الْجَدِّ
مِنْكَ الْجَدُّ.

3) Пайғамбарымыз ﷺ намазда сәлем беріп, бітірген соң былай деп айтқан: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты

¹ «Мүслим»

² «Бұхари, Мүслим»

ешқандай иләһ жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ Оның күшқүдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай құдай жоқ. Біз тек Оған ғана құлшылық етеміз. Нығмет Оған тән, жақсылық та Оған тән, Оған көркем түрдегі мақтау-мадақтар болсын. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір құдай жоқ. Біз Аллаһтың дінінде ықыластымыз, мейлі кәпірлер оны ұнатпасада».¹

«Лә иләһа иллә-Ллаһу, уәхдәһу лә шәрикә ләһу, ләһул мулку уә ләһул-хамду, уә һууә ʔалә кулли шәй-ин қадир, лә хаулә уә лә қууатә иллә билләһ. Лә иләһа иллә-Ллаһу, уә лә нәъбуду иллә ийәһу, ләһун-ниъмәту, уә ләһул-фәдлу, уә ләһус-сәнә-ул-хасану. Лә иләһа иллә-Ллаһу, мухлисыйнә ләһуд-динә уә ләу кәриһәл-кәфирун».

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَ لَهُ الْحَمْدُ، وَ هُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، لَا حَوْلَ وَ لَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ. لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَ لَا نَعْبُدُ إِلَّا إِيَّاهُ، لَهُ النِّعْمَةُ، وَ لَهُ الْفَضْلُ، وَ لَهُ الشَّاءُ الْحَسَنُ. لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ، وَلَوْ كَرِهَ الْكَافِرُونَ.

4) Пайғамбар ﷺ айтты: «Уа, Муаз! Барлық намаздың артында мына дұғаны тастама: «Уа, Аллаһ! Өзіңді еске алуға, Өзіңе шүкіршілік етуге әрі Өзіңе көркем түрде құлшылық етуге маған жәрдем бер».²

«Аллаһумма әһиннү ʔалә зикрикә, уә шукрикә, уә хусни ʔибәдәтик».

¹ «Мүслим»

² «Абу Дауд»

اللَّهُمَّ أَعِنِّي عَلَى ذِكْرِكَ، وَ شُكْرِكَ، وَ حُسْنِ عِبَادَتِكَ.

5) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, намаздан кейін 33 реттен *Субхана-Ллаһ, эл-хамду ли-Ллаһ, Аллаһу Әкбар* деп және жүзіншісінде *лә иләһә иллаЛлаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул мулку уә ләһул-хамду, уә һуә ʿалә кулли шәй-ин қодір!* – десе, оның күнәлары теңіздің көбігіндей (көп) болса да кешіріледі».¹

سُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ وَاللَّهُ أَكْبَرُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ الْحَمْدُ وَ هُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ.

«Аллаһ Пәк (33 рет), бүкіл мақтау Аллаһқа (33 рет), Аллаһ Ұлы (33 рет). Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай иләһ жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ, Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!»

6) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, әрбір парыз намазынан кейін Аятул-Курсийді оқыса, жәннатқа кіруіне өлімнен басқа еш нәрсе кедергі болмайды».²

7) Ықба ибн Ыамир (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Аллаһ Елшісі ﷺ маған барлық парыз намаздардан кейін «муъауизат» сүрелерін (ықылас, фәләқ, нәс) оқуды әмір етті».³

¹ «Мүслим»

² «Нәсәи»

³ «Ахмад»

(18)

ҚҰНҰТ ДҰҒАСЫ

1) Хусейн ибн Али (Аллаһ оларға разы болсын) айтты: Пайғамбар ﷺ маған үтір намазында айтатын сөздерді үйретті: «Уа, Аллаһ! Өзің тура жолға салған кісілер қатарына мені де тура жолға сал. Өзің есендік берген кісілер қатарында маған да есендік бер. Өзіңе жақын тұтқан кісілер қатарында мені де Өзіңе жақын тұт. Берген нәрселеріңді маған беркелі ет. Мені үкім еткендеріңнің жамандығынан сақтағайсың. Расында, Сен үкім етесің, Саған ешкім де үкім ете алмайды. Шынында, Өзіңе жақын пендең қор болмайды. Уа, Раббымыз! Сен Жоғары, әрі Ұлысың».¹

«Аллаһуммаһ-дині фí мән һәдәйт, уә ʔафині фí-мән ʔафәйт, уә тәуәлләні фí-мән тәуәл-ләйт, уә бәрик лú фí мá әʔтайт, уә қинú шәрро мá қодойт, фә-иннәкә тақдый уә лә юқ-дó ʔаләйк, иннәһу лә язиллу мән уәләйт, Тәбәроктә роббәнә уә тәʔәләйт».

اللَّهُمَّ اهْدِنِي فِيمَنْ هَدَيْتَ، وَعَافِنِي فِيمَنْ عَافَيْتَ، وَتَوَلَّنِي فِيمَنْ تَوَلَّيْتَ،
وَبَارِكْ لِي فِيمَا أَعْطَيْتَ، وَقِنِي شَرَّ مَا قَضَيْتَ؛ فَإِنَّكَ تَقْضِي وَلَا
يُقْضَى عَلَيْكَ، وَإِنَّهُ لَا يَدُلُّ مَنْ وَالَيْتَ، تَبَارَكَ رَبَّنَا وَتَعَالَيْتَ.

2) Пайғамбар ﷺ үтір намазының соңында былай деп дұға етуші еді: «Аллаһумма инні әузу биридókә мин сәхотыйк, уә бимуʔафәтикә мин ʔуқубәтик, уә әузу бикә минкә, лә ухсый сәнә-ән ʔаләйкә, әнтә кәмә әснәйтә ʔалә нәфсик».

¹ «Ахмад»

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِرِضَاكَ مِنْ سَخَطِكَ، وَبِمُعَافَاتِكَ مِنْ عُقُوبَتِكَ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْكَ، لَا أُحْصِي ثَنَاءً عَلَيْكَ، أَنْتَ كَمَا أَثْنَيْتَ عَلَيَّ نَفْسِكَ.

«Уа, Аллан! Мен Сенің ашуыңнан ризалығыңа, жазалауыңнан кешіріміңе сиынамын. Мен Сенен Өзіңе сиынамын. Сен Өзіңді мадақтағаныңдай, мен Саған деген мадақты айтып тауыса алмаймын».¹

(19)

Үтір намазында сәлем бергеннен соң айтылатын зікір

Пайғамбар ﷺ үтір намазында сәлем бергеннен кейін: «Патша әрі Қасиетті Аллан пәк!» – деп үш рет айтып, үшіншісінде дауысын көтеріп айтқан.²

«Субхәнәл-мәликил-құддус» (3 рет).

سُبْحَانَ الْمَلِكِ الْقُدُّوسِ.

¹ «Абу Дауд»

² «Нәсәи»

(20)

Истихара намазының дұғасы

Джәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: Пайғамбарымыз ﷺ бізге барлық істерде Құран сүрелерінің бірін мұқият үйреткеніндей (Аллаһ Тағаладан) истихара сұрауды үйретіп, былай дейтін еді: **Егер сіздерден бір кісі (қандай да) бір істі бастамақ болса, парыз етілмеген екі ракағат истихара намазын оқысын да, кейін былай десін: «Аллаһумма иннұ әс-тәхұрукә биъилмик, уә әстәқдирукә биқудротик, уә әс-әлукә мин-фәдликәл-ъазыйм, фә иннәкә тәқдиру уә лә әқдиру, уә тәъләму уә лә әъләму, уә әнтә тәлләмул-ғүюб, Аллаһумма ин кунтә тәъләму әннә нәзал-әмро (өз қажетін айтады) хайрун ли фұ дұ-нұ уә мәъá-ши уә тәқибәти әмри: тәжлиһи уә әджиһи, фәқдурһу лұ уә яссирһу лұ суммә бәрик лұ фұһи, уә ин кунтә тәъләму әннә нәзал-әмро (өз қажетін айтады) шәррун лұ фұ дұ-нұ уә мәъá-ши уә тәқибәти әмрұ: тәжлиһи уә әджиһи, фәсрифһу тәннұ уәс-рифнұ тәнһу уәқдур ли әл-хойро хайсу кәнә суммә ардый-нұ биһ».**

«Уа, Аллаһ! Маған іліміңмен игілік бергейсің, құдіретіңмен мені қуатты еткейсің, кең пейіліңмен мені қуанышты еткейсің. Расында, менің күш-құдіретім (түкке) жетпейді. Мен (еш нәрсені) білмеймін, ал Сен барлық нәрсені білесің. Әрі Сен көместерді де толық көрушісің. Уа, Аллаһ! Сен білушісің егер бұл іс (өз қажетін айтады) дінімде, тіршілігімде, істерімнің соңында, немесе былай дейді: “Қазіргі (өмір тіршілігімде немесе келешекте) (бұл іс) мен үшін қайырлы болса, оны маған нәсіп ете гәр! Әрі (ол істі) маған оңтайлы етіп, кейін оны мен үшін берекелі ет! Ал егер бұл істің (өз

қажетін айтады) дінім, тіршілігім, істерімнің соңында, (немесе былай дейді: Қазіргі өмір тіршілігімде немесе келешекте) мен үшін жаман болса, оны менен алыстата гөр! Әрі мені де одан аулақ ет! Қай жерде болса да мен үшін жақсылықты нәсіп етіп және мені сол жақсылықпен разы ете гөр!».¹

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْتَخِيرُكَ بِعِلْمِكَ، وَأَسْتَقْدِرُكَ بِقُدْرَتِكَ، وَأَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ الْعَظِيمِ، فَإِنَّكَ تَقْدِرُ وَلَا أَقْدِرُ، وَتَعْلَمُ وَلَا أَعْلَمُ، وَأَنْتَ عَلَّامُ الْغُيُوبِ.

اللَّهُمَّ إِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ أَنَّ هَذَا الْأَمْرَ (...) خَيْرٌ لِي فِي دِينِي وَمَعَاشِي وَعَاقِبَةِ أَمْرِي عَاجِلِ أَمْرِي وَآجِلِهِ، فَاقْدُرْهُ لِي، وَيَسِّرْهُ لِي، ثُمَّ بَارِكْ لِي فِيهِ. وَإِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ أَنَّ هَذَا الْأَمْرَ (...) شَرٌّ لِي فِي دِينِي وَمَعَاشِي وَعَاقِبَةِ أَمْرِي عَاجِلِ أَمْرِي وَآجِلِهِ، فَاصْرِفْهُ عَنِّي، وَاصْرِفْني عَنْهُ، وَاقْدُرْ لِي الْخَيْرَ حَيْثُ كَانَ ثُمَّ أَرْضِنِي بِهِ.

¹ «Бухари»

Ауруға байланысты дұғалар

(21)

Денесінде ауру сезінген кісі не істеу керек?

1) Пайғамбарымыз ﷺ бір жері ауырып, шағымданған жағдайда, «Ықылас, Фәләқ және Нәс» сүрелерін өзіне оқып, аз мөлшерде түкіруші еді.¹

2) Усман ибн Абул-Ъас (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға ﷺ ислам қабылдағаннан бастап денесінің бір жері ауыратыны туралы шағымданды. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: **«Қолыңды денеңнің ауырған жеріне қой да, «бисмилләһ» деп үш рет және «Әъұзу билләһи уә қудротини, мин шәрри мә әджиду уә ухәзиру» деп жеті рет айт!»** – деді.²

بِسْمِ اللّٰهِ، اَعُوْذُ بِاللّٰهِ وَ قُدْرَتِهِ، مِنْ شَرِّ مَا اَجِدُ وَ اُحَاذِرُ.

«Аллаһтың атымен, Денемдегі қауіптенген нәрседен Аллаһқа және Оның Құдіретіне сиынамын».

(22)

Науқасты зиярат қылғанда айтатын дұға

1) Пайғамбарымыз ﷺ науқасты зиярат еткенде былай деуші еді: **«Ештеңе етпейді, Аллаһ қаласа тазарасың».**³

«Лә бә'сә, тоһу-рун ин шә-Аллаһ».

لَا بَأْسَ، طَهُورٌ إِنْ شَاءَ اللّٰهُ.

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

³ «Бухари»

2) Пайғамбар ﷺ отбасынан біреу ауырғанда, оң қолымен сипап, былай деп руқия оқушы еді: **«Уа, Аллаһым! Адамдардың Раббысы. Ауруды кетіріп, оған шипа бер, Сен шипа берушісің. Сенің шипаңнан басқа шипа жоқ. Оған ауру қалдырмайтындай шипа бер».**¹

«Аллаһумма роббән-нәс, әзхибил-бә'с, ишфиһи уә антәш-шәфи, лә шифә-ә иллә шифә-ук, шифә-ән лә юғодуру сәқомән».

اللَّهُمَّ رَبَّ النَّاسِ، أَذْهِبِ الْبَأْسَ، إِشْفِهِ أَنْتَ الشَّافِي لَا شِفَاءَ إِلَّا
شِفَاؤُكَ، شِفَاءً لَا يُعَادِرُ سَقَمًا.

3) Бірде Жәбірейіл (Аллаһтың оған сәлемі болсын) Пайғамбарға ﷺ келіп: **«Уа, Мұхаммад! Бір аурудан шағымдандыңба?»** – деді. Пайғамбарымыз ﷺ : **«Иә!»** – деп жауап қатты. Сонда Жәбірейіл :

«Аллаһтың атымен жәрдем сұрап, саған дем саламын. Саған барлық зиян тигізетін нәрселерден, барлық адамның жамандығынан және көре алмаушының көзінен Аллаһ емдеп, шипа берсін. Аллаһтың атымен жәрдем сұрап, саған дем саламын!» – деді.²

«Бисмилләһи арқұк, мин кулли шәй-ин ю'зүк, мин шәрри кулли нәфсин әу ғайнин хәсидин, Аллаһу яшфиқ, бисмилләһи арқұк».

بِسْمِ اللَّهِ أَرْقِيكَ، مِنْ كُلِّ شَيْءٍ يُؤْذِيكَ، مِنْ شَرِّ كُلِّ نَفْسٍ أَوْ عَيْنٍ
حَاسِدٍ، اللَّهُ يَشْفِيكَ بِاسْمِ اللَّهِ أَرْقِيكَ.

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

4) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, ажалы келмеген науқас адамды зиярат етіп, оған былай: «Ұлы аршының Раббысы, Ұлы Аллһтан саған шипа беруін сұраймын!» – деп 7 рет дұға етсе, Аллһ Тағала оны ол аурудан сауықтырады».¹

«Әс-әлул-Лаһәл-Һазыһм, роббәл Һаршил-Һазыһм, ән-Һәшфияк».

أَسْأَلُ اللَّهَ الْعَظِيمَ رَبَّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ أَنْ يَشْفِيكَ.

(23)

Жан тапсырғанда айтатын сөз

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кімнің соңғы сөзі *«Лә иләһә иллаЛлаһ»* болса, жәннатқа кіреді».²

«Аллһтан басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір тәңір жоқ».

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ.

¹ «Абу Дауд»

² «Ахмад»

Жаназаға байланысты дұғалар

(24)

Мәйітке жаназа намазын оқығанда айтатын дұға

Ауф бин Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Пайғамбар ﷺ бір адамға жаназа намазын оқыды. Намазда оның былай деп айтқан дұғасын жаттап алдым: **«Уа, Аллаһ! Оны жарылқай гөр! Әрі оған рахым ете гөр. Әрі оны сақта, оны кешіре гөр,оның жәннаттағы орнын несібелі ете гөр! Оның кірер жерін кең ет, әрі оны су, қар, бұршақпен жу. Аппақ киім кірден тазаланғандай, оны да күнәларынан тазарта гөр. Оған өз үйінен жақсы үй, өз жанұясынан жақсы жанұя, өз әйелінен жақсы әйелмен ауыстырып, оны жәннатқа кіргізе гөр. Әрі оны қабір азабынан және тозақ отынан сақтай гөр!»**.¹

«Аллаһуммағ-фир ләһу уәрхамһу,уә ъафиһи уәъфу ъанһу, уә әкрим нузуләһу, уә уәссиъ мудхоләһу, уәғ-силһу билмә-и уәс-сәлджи уәл-бәрод, уә нәққиһи минәл-хотойъ кәмә юнаққос-сәубул-абяду минәд-дәнәс, уә әбдилһу дәрән хойрон мин дәриһи, уә әһлән хойрон мин әһлиһи, уә зәуджән хойрон мин зәуджиһи, уә әдхилһул-джәннәнә, уә әъизһу мин ъазәбил-қобри уә мин ъазәбин-нәр».

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ وَارْحَمْهُ، وَعَافِهِ، وَاعْفُ عَنْهُ، وَأَكْرِمْ نُزُلَهُ، وَوَسِّعْ
مُدْخَلَهُ، وَاعْسِلْهُ بِالْمَاءِ وَالثَّلْجِ وَالْبَرَدِ، وَنَقِّهِ مِنَ الْخَطَايَا كَمَا يُنْقَى
الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ، وَأَبْدِلْهُ دَارًا خَيْرًا مِنْ دَارِهِ، وَأَهْلًا خَيْرًا
مِنْ أَهْلِهِ وَزَوْجًا خَيْرًا مِنْ زَوْجِهِ، وَأَدْخِلْهُ الْجَنَّةَ، وَأَعِذْهُ مِنْ عَذَابِ
الْقَبْرِ وَمِنْ عَذَابِ النَّارِ.

¹ «Мүслим»

(25)

Көңіл айту

Усама бин Зейд (Аллаһ оларға разы болсын) айтты: Біз Пайғамбардың ﷺ қасында болғанда, бір елші келіп, Пайғамбардың ﷺ қызының баласы өлім хәлінде және оны шақырып жатқандығы туралы хабар әкелді. Сонда Пайғамбар ﷺ бұл елшіге: «Оған қайт та, былай де: **«Шын мәнінде алғаны да, бергені де Аллаһтың Өзінікі. Барлық нәрсе Оның қасында белгіленген мерзім бойынша. Оған сабыр сақтап және сауапқа үміт етсін деп әмір ет!»** - деді.¹

«Лилләһи ма әхозә, уә ләһу ма әътә, уә кулли шәй-ин ындәһу би әджәлим-мусәммә, фәл-тәсбир уәл-тәхтәсиб».

لِلّٰهِ مَا أَخَذَ، وَ لَهُ مَا أُعْطِيَ، وَ كُلُّ شَيْءٍ عِنْدَهُ بِأَجَلٍ مُّسَمًّى فَلْتَصْبِرْ
وَلْتَحْتَسِبْ.

(26)

Мәйіт жерленген соң оқылатын дұға

Пайғамбар ﷺ мәйітті жерлеп болған соң, оның қасында тұрып, былай деді: **«Бауырларың үшін кешірім сұраңдар және Аллаһтан оны сұраққа бекем қылсын деп дұға етіңдер! Себебі, ол қазір сұралынып жатыр».**²

«Аллаһуммағ-фир ләһу, Аллаһумма сәббитһу».

اللّٰهُمَّ اغْفِرْ لَهُ، اللّٰهُمَّ تَنِّتْهُ.

¹ «Бухари, Муслим»

² «Абу Дауд»

(27)

Қабірлерді зиярат еткенде оқылатын дұға

Бурайда (Аллаһ оған разы болсын) айтты: Пайғамбар ﷺ оларға қабірлерге барғанда айтылатын дұғаны үйретуші еді: «Әс-сәләму алейкум! Уа, бұл мазарда жатқан мүміндер мен мұсылмандар! Аллаһ қаласа біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз. Аллаһтан өзімізге де, сіздерге де азаптан құтқаруын сұраймыз».¹

«Әс-сәләму ғалайкум әһләд-дияри минәл-му’мининә уәл-муслимин, уә иннә ин шә Аллаһу ләләхиқун, әс-әлуЛлаһ ләнә уә ләкумул-ғәфияһ».

السَّلَامُ عَلَيْكُمْ أَهْلَ الدِّيَارِ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُسْلِمِينَ، وَإِنَّا إِن شَاءَ اللَّهُ
لَلْآحِقُونَ، أَسْأَلُ اللَّهَ لَنَا وَلَكُمْ الْعَافِيَةَ.

¹ «Мүслим»

Қайғы-қасіретке байланысты
дұғалар

(28)

Мұң, қайғы басқанда оқылатын дұға

Пайғамбар ﷺ қайғы басқанда былай деуші еді: «Ерекше жұмсақ әрі ұлы Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Ұлы аршының Раббысы Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір иләһ жоқ, көктер мен жердің Раббысы әрі ардақты аршының Раббысы - Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір иләһ жоқ».¹

«Лә иләһә илләл-лаһул-ъазы́ймул-хали́м, лә иләһә илләл-лаһу раббул-ъаршил-ъазы́м, лә иләһә илләл-лаһу роббус-самәуәти уә раббул-ардый уә раббул-ъаршил-ка́рүм».

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ الْعَظِيمُ الْحَلِيمُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ رَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ،
لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ رَبُّ السَّمَوَاتِ وَرَبُّ الْأَرْضِ وَرَبُّ الْعَرْشِ الْكَرِيمِ.

(29)

Қайғы-қасіретке ұшырағанда айтатын дұға

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егер басыңа қандай да бір қиыншылық түссе, егерде былай қылғанымда ғой, басқаша болар еді!» - деп айтпа, керісінше былай де: «Аллаһ Тағаланың тағдыры мен Оның қалағаны болды». Шынында «егер» деген сөз шайтанның амалына есік ашады.²

«Қоддәрол-Лаһу уә мә шә-ә фәәл».

قَدَّرَ اللَّهُ وَ مَا شَاءَ فَعَلَ.

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Қандай да бір құл қайғы-қасіретке ұшырағанда: «Шындығында, Біз Аллаһқа тиесіліміз және Оған қайтамыз. Уа, Аллаһым! Маған осы қайғымда сауап бер және осы қайғыны жақсылыққа алмастыра гөр!» - деп айтса, Аллаһ Тағала оған сауап жазып, айырылған нәрсесін одан да жақсы нәрсемен алмастырып береді».¹

«Иннә лил-ләһи уә иннә иләһи рожиу́н. Аллаһумма’джурни́ фí мусыйбәти́ уә әхлиф-ли хойром-минһә”.

إِنَّا لِلّٰهِ وَاِنَّا اِلَيْهِ رٰجِعُونَ، اَللّٰهُمَّ اَجْرِنِيْ فِيْ مُصِيبَتِيْ وَاَخْلِفْ لِيْ خَيْرًا مِنْهَا.

(30)

Бір қауымнан қорыққан кезде айтатын дұға

Пайғамбар ﷺ бір қауымнан қорыққан кезде былай деп айтушы еді: «Уа, Аллаһ! Шын мәнінде, біз Сені оларға қалқан етеміз, әрі олардың жамандықтарынан Өзіңе сиынамыз».²

«Аллаһумма иннә нәж-ъалукә фí нухуриһим, уә нәъузу бикә мин шурұриһим».

اَللّٰهُمَّ اِنَّا نَجْعَلُكَ فِيْ نُحُوْرِهِمْ وَنَعُوْذُ بِكَ مِنْ شُرُوْرِهِمْ.

¹ «Мүслим»

² «Абу Дауд»

(31)

Дұшпанға қарсы айтылатын дұға

Пайғамбар ﷺ Ор соғысында жау әскерлеріне қарсы былай деп дұға қылды: «**Уа, Аллаһым! Сен кітап түсіруші және есепке тезсің! Бұл жікшіл топтарды күйрет. Уа, Аллаһым! Оларды күйретіп, талқандағын.**»¹

«Аллаһумма мунзиләл-китәб, сәріъәл-хисәб, иһзимил-ахзәб, Аллаһум-мәһ-зимһум уә зәлзилһум».

اللَّهُمَّ مُنْزِلَ الْكِتَابِ، سَرِيعَ الْحِسَابِ، إِهْزِمِ الْأَخْرَابَ، اللَّهُمَّ اهْزِمْهُمْ
وَرَزُلْهُمْ.

¹ «Бухари, Муслим»

Сапарға қатысты дұғалар

(32)

Жолаушыны жолға шығарып саларда айтылатын дұға

Пайғамбар ﷺ біреуді жолға шығарып саларда, былай деп айтушы еді: «Дініңді, аманатыңды және амалыңның соңын Аллаһқа тапсырамын».¹

«Әстаудиъул-Лаһә дийнәк, уә әмәнәтәк, уә хоуәтүмә ьамәлик».

أَسْتَوِدِعُ اللَّهَ دِينَكَ، وَأَمَانَتَكَ، وَخَوَاتِيمَ عَمَلِكَ.

(33)

Сапар дұғасы

Пайғамбар ﷺ түйесіне мініп, сапарға шыққанда үш рет тәкбір айтып, кейін мына сөздерді айтушы еді:

«Аллаһ ең ұлы! Аллаһ ең ұлы! Аллаһ ең ұлы!»

﴿Бізге мұны бағынышты еткен Аллаһ пәк. Әйтпесе оған біздің шамамыз жетпес еді. Сөзсіз, біз Жаратушы Иеміз жаққа қайтып барамыз. ²﴾

«Уа, Аллаһ! Біз Сенен осы сапарымызда ізгілікті, тақуалықты және Өзің риза болатын амалдарды жасауымызды сұраймыз. Уа, Аллаһ! Бұл сапарымызды бізге жеңіл ет, әрі оның қашықтығын бізге жақын ет. Уа, Аллаһ! Сапардағы жолдасым Өзіңсің, сондай-ақ, жанұяммен қалған да Өзіңсің. Уа, Аллаһ! Мен Сенен сапардың ауыртпашылықтары мен мұңлы көріністен, сондай-ақ, мал-

¹ «Мүслим»

² «Зухруф-13»

мүлкім мен үй ішіме қаралы қайтудан Өзіңе сиынамын».¹

«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар. Субхánәлләзү сәххоро ләнә һәзә, уә мә куннә ләһу муқринүн. Уә иннә илә Роббинә ләмунқолибүн. Аллаһумма иннә нәс-әлукә фү сәфәринә һәзә әл-бирро уат-тақуá, уә минал-ғамали мә тәрдо́, Аллаһумма һәууин ғаләйнә сәфәронә һәзә уат-уи ғаннә буъдәһу. Аллаһумма әнтәс-сóхибу фис-сәфәр, уәл-холífату фил-әһл, Аллаһумма иннү әўзу бикә мин уәъсá-ис-сәфәр, уә кә-әбатил-мәнзор, уә сү-ил-мунқоләби фил-мáли уәл-әһл».

اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ اللَّهُ أَكْبَرُ،

﴿سُبْحَانَ الَّذِي سَخَّرْنَا هَذَا وَمَا كُنَّا لَهُ مُقْرِنِينَ * وَإِنَّا إِلَىٰ رَبِّنَا لَمُنْقَلِبُونَ﴾

اللَّهُمَّ إِنَّا نَسَأَلُكَ فِي سَفَرِنَا هَذَا الْبِرِّ وَالتَّقْوَى، وَمِنَ الْعَمَلِ مَا تَرْضَى،
اللَّهُمَّ هَوِّنْ عَلَيْنَا سَفَرَنَا هَذَا وَاطْوِ عَنَّا بُعْدَهُ، اللَّهُمَّ أَنْتَ الصَّاحِبُ فِي
السَّفَرِ، وَالْخَلِيفَةُ فِي الْأَهْلِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ وَعَثَاءِ السَّفَرِ
وَكَاثِبَةِ الْمَنْظَرِ وَسُوءِ الْمُنْقَلَبِ فِي الْمَالِ وَالْأَهْلِ.

Сапардан қайтқанда мына сөздерді қосып айтады: **«Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі Оған мадақ айтып келе жатырмыз».**

«Әйибүнә, тә-ибүнә, ғабидүнә, лироббинә хамидүн».

آيُونَ، تَائِبُونَ، عَابِدُونَ، لِرَبِّنَا حَامِدُونَ.

¹ «Мүслим»

(34)

Жолда көтерілгенде немесе төмен түскенде айтылатын зікір

Джәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оларға разы болсын) айтты: «Біз өрге көтерілгенде **«тәкбір»** айтатын едік, ал төмен түскенде **«тасбих»** айтушы едік».¹

«Аллаһу Әкбар, Субхән-Аллаһ».

اللَّهُ أَكْبَرُ، سُبْحَانَ اللَّهِ.

(35)

Сапардағы кісінің таң атқанда айтатын дұғасы

Пайғамбар ﷺ сапарда жүріп, таң атқанда былай деуші еді: «Осы сөздерді естуші біздің Аллаһты мадақтап жатқанымызды және оның сынағы көркем екенін басқаларға жеткізсін (осыған куә болсын)! Раббымыз, бізді тастама, бізге кеңдік ет. Тозақ отынан Аллаһқа сиынамыз».²

«Сәмиъә сәмиъун бихамдил-ләһи, уә хусни бәлә-һи³ ъаләйнә, роббәнә сохибнә, уә әфдыйл ъаләйнә, ъа-изән билләһи минән-нәр».

سَمِعَ سَامِعٌ بِحَمْدِ اللَّهِ وَحُسْنِ بَلَائِهِ عَلَيْنَا، رَبَّنَا صَاحِبِنَا وَأَفْضَلُ عَلَيْنَا،
عَائِدًا بِاللَّهِ مِنَ النَّارِ.

¹ «Бухари»

² «Мүслим»

³ «Мұндағы «бәлә» сөзі тек «сынақ» қана емес, сонымен қатар «бәле-бәлекет», «бақытсыздық» дегенді білдіреді. Бұл жерде біз басымызға түскен қиындықтар мен сынақтарға сабырлық танытатындығымыз себепті, олар біз үшін игілікке айналатыны меңзелуде».

(36)

Ауылға немесе қалаға кіргенде айтатын дұға

Пайғамбар ﷺ кіргісі келген бір ауылды көрген кезде, әрдайым былай деп дұға ететін болған: «Жеті қат көк пен олардың саясындағылардың Иесі, жеті қабат жер мен оның үстіндегілердің Иесі, сондай-ақ, шайтандар мен олар адастырғандардың, әрі желдер мен желдер ұшырған нәрселердің Иесі, Уә, Аллаһ! Мен осы ауылдың жақсылығы мен әрі оның тұрғындарының жақсылығын әрі ондағы нәрселердің жақсылығын сұраймын. Сондай-ақ, сол ауылдың жамандығы мен тұрғындарының жамандығынан әрі ондағы нәрселердің жамандығынан Өзіңе сиынамын».¹

« Аллаһумма Роббәс-самәуәтис-сабъи уә мә әзләлнә, уә Роббәл-әродыйнә уә мә әқләлнә, уә Роббәш-шәйә-тыйни уә мә әдләлнә, уә Роббәр-рияхи уә мә зәройнә. Әс-әлука хойро һәзиһил-қорйяти уә хойро әһлиһә. Уә әбузу бикә мин шәрриһә уә шәрри әһлиһә, уә шәрри мә фийһә».

اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَوَاتِ السَّبْعِ وَمَا أَظْلَلْنَ، وَرَبَّ الْأَرْضِينَ وَمَا أَقْلَلْنَ،
 وَرَبَّ الشَّيَاطِينِ وَمَا أَضَلَلْنَ، وَرَبَّ الرِّيَّاحِ وَمَا ذَرَيْنِ، أَسْأَلُكَ خَيْرَ
 هَذِهِ الْقَرْيَةِ وَخَيْرَ أَهْلِهَا، وَخَيْرَ مَا فِيهَا، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ
 أَهْلِهَا، وَشَرِّ مَا فِيهَا.

¹ «Нәсәи»

(37)

Сапардан қайтарда айтатын дұға

Пайғамбар ﷺ соғыстан, қажылықтан немесе умрадан қайтқанда, биік жерге көтерілген сайын 3 рет «Аллаһ ең ұлы» деп тәкбір айтып, кейін былай деген: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай құдай жоқ, Ол Жалғыз, Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, барлық мақтау-мадақ Оған лайық. Сондай-ақ, Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді! Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап, әрі Оған мадақ айтып келеміз. Аллаһ уәдесін орындады, Өз құлына жеңіс беріп, жікшіл тайпаларды жалғыз Өзі жеңді».¹

«Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар».

«Лá илáһá иллá-Ллаһу, уáхдáһу лá шáрúкá лáһ, лáһул мулку уá лáһул-хамду, уá һуáá ъалá кулли шáй-ин қодúр, áйибúнá, тá-ибúнá, ъáбидúнá, лироббинá хáмидúн. Содáқоллаһу уáдáһу, уá нáсоро ъабдáһу, уá нáзэмáл-áхзáбá уáхдáһу».

اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَ لَهُ الْحَمْدُ، وَ هُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، آيُّونَ، تَائِبُونَ، عَابِدُونَ، لِرَبِّنَا حَامِدُونَ. صَدَقَ اللَّهُ وَعْدَهُ، وَ نَصَرَ عَبْدَهُ، وَ هَزَمَ الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ.

¹ «Бухари, Муслим»

Қажылыққа байланысты дұғалар

(38)

Тәлбия айту

Пайғамбар ﷺ былай деп тәлбия айтқан: **«Ләббәйкәл-ләһумма ләббәйк, Ләббәйкә лә шәрікә ләкә ләббәйк. Иннәл-хамда уән-ниъмәтә ләкә уәл-мулк. Лә шәрікә ләк.»**

لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ، لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ، إِنَّ الْحَمْدَ، وَالنِّعْمَةَ،
لَكَ وَالْمُلْكَ، لَا شَرِيكَ لَكَ.

« Уа, Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын. Міне, мен Сенің алдыңдамын. Сенің ешбір серігің жоқ, міне, мен Сенің алдыңдамын. Расында, мадақ та, нығмет те, мүлік те Саған ғана тән. Сенің серігің жоқ».¹

(39)

Қағбаның Қара тас тұрған бұрышына келгенде тәкбір айту

Пайғамбарымыз ﷺ түйеге мініп, Қағбаны тауап етті. Қара тас бұрышының тұсына келген сайын қолындағы нәрсемен оған ишара етіп, **«Аллаһу Әкбар», «Аллаһ ең ұлы»** деп тәкбір айтты.²

اللَّهُ أَكْبَرُ

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бухари»

(40)

Қағбаның Йемен жақтағы бұрышы мен Қара тас тұрған бұрышы арасында айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ екі бұрыштың арасында былай деп дұға қылған: *«Роббәнә әтинә фид-дунйә хасәнәтән, уә фил-әхироти хасәнәтән уә қинә ьазабән-нәр».*

﴿رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ﴾

«Раббымыз! Бізге дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер және тозақ отының азабынан сақта!».¹

(41)

Сафа мен Маруаның үстінде айтылатын дұға

Пайғамбар ﷺ Сафа мен Маруаның үстіне шыққанда, құбылаға қарап, «Аллаһты жалғыздап, тәкбір айтып», кейін былай деді: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, Ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Мүлік Оған тән және Ол барлық мақтауға лайық. Сондай-ақ, Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Бір Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір тәңір жоқ. Ол Өз уәдесін орындады, құлына (яғни, елшісіне) жеңіс берді, бүкіл одақтас тайпаларды жалғыз Өзі жеңді». Кейін өзі дұға қылды.²

Осы зікірді айтып, одан кейін дұға етуді 3 рет қайталады.

«Лә иләһә иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрікә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду, уә һуә ьалә кулли шәй-ин қодір. Лә

¹ «Абу Дауд»

² «Мүслим»

**иләһә иллә-Ллану уахдану, әнджәзә уаъдану уә нәсоро
ъабдану уә нәзамәл-әхзәбә уәхдану».**

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَ لَهُ الْحَمْدُ، وَ هُوَ عَلَى
كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ أَنْجَزَ وَعَدَهُ، وَ نَصَرَ عَبْدَهُ، وَ هَزَمَ
الْأَحْزَابَ وَحْدَهُ.

(42)

Мәшъарул-Харамда (Муздәлифә) айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ Машъарул-Харамға келді де, құбылаға қарап «Аллаһқа дұға етті, Аллаһты ұлықтап (тәкбір айту)», «Одан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай иләһ жоқ» және «Аллаһ жалғыз» – деп айтты. Таң атып, жап-жарық болғанға дейін дұға тілеп тұрды да, күн шығудан бұрын Минаға қарай жүріп кетті.¹

(43)

Шайтанға әрбір тасты атқанда айтатын тәкбір

Пайғамбарымыз ﷺ әрбір тасты «Аллаһу Әкбар» «Аллаһ ең ұлы» – деп тәкбір айтып лақтырған.²

اللَّهُ أَكْبَرُ

¹ «Мүслим»

² «Бухари, Мүслим»

(44)

Құрбандық шалу

Пайғамбарымыз ﷺ ақ-қара түсті, екі мүйізді қойды өз қолымен бауыздап, құрбандық шалды. Бауыздар кезінде: **«Бисмилләһ, Аллаху Әкбар»**. **«Аллаһтың атымен, Аллаһ Ұлы!»** – деп айтты.¹

بِسْمِ اللّٰهِ، اللّٰهُ اَكْبَرُ

¹ «Бухари, Муслим»

Үй және киімге байланысты
дұғалар

(45)

Үйге кірген кезде айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егер адам үйіне кірерде және тамақ ішерде **«Бисмилләһ»** («Аллаһтың атымен») деп айтса, шайтан: «Сендерге түнейтін жер де, жейтін тамақ та жоқ!» – деп айтады.¹

بِسْمِ اللّٰهِ

(46)

Жаңа киім кигенде айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ жаңа киім кигенде, ол басына киетін киім болсын, көйлек болсын, киімді атымен атап², кейін былай деп айтқан: **«Аллаһумма ләкәл- хамду әнтә кәсәутәһи, әс әлукә мин хойриһи уә хойри мә сунихә ләһ, уә әбузу бикә мин шәрриһи уә шәрри мә сунихә ләһ».**

اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ أَنْتَ كَسَوْتَنِيهِ، أَسْأَلُكَ خَيْرَهُ وَخَيْرَ مَا صُنِعَ لَهُ،
وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهِ وَشَرِّ مَا صُنِعَ لَهُ.

«Уа, Аллаһ! Саған мақтау- мадақтар болсын! Оны (киімді) маған Сен кигіздің. Мен Сенен оның берекесін тілеймін және қандай жақсылыққа арналса, оның игілігін сұраймын және қандай жамандыққа арналса, оның жамандығынан Өзіңе сиынамын».³

¹ «Мүслим»

² Яғни, дұғасында жаңа киімді атымен атаған. Мысалы: «Мынау сәуб, Уа, Аллаһ! Саған мақтау-мадақтар болсын! Оны маған Сен кигіздің...

³ «Тирмизи»

Тағамға байланысты дұғалар

(47)

Ағаштар жеміс бергенде айтылатын дұға

Адамдар ағаштардың алғашқы жеміс бергенін көрген кезде, оны Пайғамбарға ﷺ әкелетін болған. Пайғамбарымыз ﷺ жемісті қолына алып, былай деп дұға тілеген:

«Аллаһумма бәрик ләнә фӣ сәмаринә».

اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي ثَمَرِنَا.

«Уа, Аллан! Біздің жемістерімізге береке бер!».¹

(48)

Тамақтанар алдында айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ: «Егерде, біреулерің тамақ жесе, былай десін: **«Бисмилләһ»**.

بِسْمِ اللَّهِ

«Аллаһтың атымен».

Ал, егер тамақтың алдында айтуға ұмытып кетсе, былай десін: **«Бисмилләһи фӣ әууәлиһи уә әхириһи»**.

بِسْمِ اللَّهِ فِي أَوَّلِهِ وَآخِرِهِ.

«Басында да, аяғында да Аллаһтың атымен».²

¹ «Мүслим»

² «Тирмизи»

(49)

Тамақтанып болған соң айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ тамақтанып болған соң, былай деуші еді: *«Әл-хәмду лилләһи кәсірон, тойибән, мубәрокән фийһ,ғойро мәкфи-йн, уә лә муәддәһин, уә лә мустәғнан ьанһу роббәнә»*.

الْحَمْدُ لِلَّهِ كَثِيرًا، طَيِّبًا، مُبَارَكًا فِيهِ، غَيْرَ مَكْفِيٍّ، وَلَا مُوَدَّعٍ، وَلَا مُسْتَعْنَى عَنْهُ رَبَّنَا.

«Аллаһқа көп әрі пәк, берекелі, әрдайым айтылатын, үздіксіз мақтау-мадақтар болсын! Біз әрдайым мұқтаж болатын, Уа, Раббымыз!».¹

(50)

Қонақтың тамақ иесіне айтатын дұғасы

Пайғамбарымыз ﷺ біреудің үйінен жеп-ішкеннен кейін, былай деп үй иесіне дұға қылатын:

«Аллаһумма бәрик ләһум фимә розәқтәһум, уәғфир ләһум, уәрхәмһум».

اللَّهُمَّ بَارِكْ لَهُمْ فِي مَا رَزَقْتَهُمْ، وَاعْفِرْ لَهُمْ، وَارْحَمْهُمْ.

«Уа, Аллаһ! Оларға берген ризық-несібеңді берекелі ет және олардың күнәларын кешіріп, мейіріміңе бөле!»²

¹ «Бухари»

² «Мүслим»

Некеге байланысты дұғалар

(51)

Үйленген кісіге айтатын дұға

Пайғамбар ﷺ үйленген кісіні былай деп құттықтаған: **«Бáрока-Ллаһу ләкә, уә бáрокә ʔаләйкә, уә жәмәʔа бәйнәкумá фí хойр».**

بَارَكَ اللهُ لَكَ، وَبَارَكَ عَلَيْكَ، وَجَمَعَ بَيْنَكُمَا فِي خَيْرٍ.

«Аллаһ Тағала саған береке берсін және саған береке жаудырсын әрі араларыңды жақсылықта қоссын!».¹

(52)

Ер адам әйеліне жақындағанда айтатын дұға

Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, әйеліне жақындағанда, былай деп айтса: «Аллаһтың атымен. Уа, Аллаһ! Бізден шайтанды аулақ ет, әрі бізге нәсіп ететін перзенттен де шайтанды аулақ ете гөр!» Содан кейін олар балалы болса, ол балаға шайтан ешқашан зиянын тигізе алмайды».²

«Бисмилләһ, Аллаһуммә джән-нибнәш-шәйтóнә, уә джәннибиш-шәйтóнә мә розәқтәнә».

بِسْمِ اللّٰهِ، اَللّٰهُمَّ جَنِّبْنَا الشَّيْطَانَ وَجَنِّبِ الشَّيْطَانَ مَا رَزَقْتَنَا.

¹ «Тирмизи»

² «Бухари, Муслим»

Түн және ұйқыға байланысты
дұғалар

(53)

Түн болғанда айтатын зікірлер

1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Күн батып, кеш басталғанда, балаларыңызды көшеге шығудан тоқтатыңыздар. Өйткені, сол кезде жер бетінде шайтандар кезіп жүреді. Күн батқаннан соң біраз уақыт өткеннен кейін, оларды шығарсаңыздар болады. Есіктерді «Аллаһтың атын» атап (**«Бисмилләһ»**) жабыңыздар. Шайтан жабық есікті ашпайды. Торсықтарыңыздың аузын Аллаһтың атын атап байлаңыздар. Ыдыстарыңның бетін Аллаһтың атын атап жабыңыздар, еш болмаса оның үстіне бір нәрсе қойыңыздар және шырақтарыңызды өшіріңіздер!».¹

2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, түнде Бақара сүресінің соңындағы екі аятты ² оқыса, ол екеуі оған (барлық жамандықтан аман болуға) жеткілікті».³

(54)

Ұйықтар алдында айтылатын дұғалар

1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Қайсыбірің төсегіне жататын болса, төсек орнын киімінің ішкі жағымен қағып тастап, Аллаһтың есімін атасын, өйткені ол өзінен кейін төсегіне не түскенін білмейді. Кейін жатқысы келсе, оң қырымен жатып, былай десін: «Уа, Аллаһ! Раббым Сен пәксің. Сенің есіміңмен бүйірімді жайластырдым және Сенің есіміңмен оны көтеремін. Егер жанымды алсаң, оны кешіре гөр! Егер оны қайтаратын болсаң, оны ізгі пенделеріңді сақтағаныңдай

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бақара-285/286»

³ «Бухари, Муслим»

сақтай гөр».¹

«Субхәнәкәл-лаһуммә роббү, бикә уәдоъту джәнбү, уә бикә арфаъуһу, ин әмсәктә нәфсү, фәғфир ләнә, уә ин арсәлтәнә фәхфазнә бимә тахфазу биһи тибәдәкәс-сөлихүнә».

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ رَبِّي، بِكَ وَضَعْتُ جَنْبِي، وَبِكَ أَرْفَعُهُ، إِنْ أَمْسَكَتْ
نَفْسِي، فَاعْفِرْ لَهَا، وَإِنْ أَرْسَلْتَهَا فَاحْفَظْهَا بِمَا تَحْفَظُ بِهِ عِبَادَكَ
الصَّالِحِينَ.

2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Төсегіңе жатқан кезде, Аятул-Курсийді оқы. Шындығында, сенің қасыңда Аллаһ тарапынан қорғаушы болады және шайтан саған таң атқанша жақындамайды».²

3) Пайғамбарымыз ﷺ әр түні төсекке жатарда, екі қолын жайып, оған үрлеп, «Ықылас, Фәләқ, Нәс сүрелерін» оқитын еді. Кейін екі қолымен басынан бастап, қолы жеткен жерге дейін денесін сипап шығатын. Осылай үш рет қайталаған.³

4) Пайғамбарымыз ﷺ ұйықтағысы келгенде былай деп айтушы еді: «Уа, Аллаһ! Сенің есіміңмен өліп (ұйықтап), Сенің есіміңмен тірілемін (оянамын)».⁴

«Бисмикәллаһуммә әмүту уә ахйә».

بِسْمِكَ اللَّهُمَّ أَمُوتُ وَ أَحْيَا.

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бухари»

³ «Бухари»

⁴ «Бухари»

5) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Уа, Аллан! Расында, Сен менің жанымды жараттың әрі оны Сен аласың. Оның өлуі мен тірі болуы Сенің қолыңда. Егер оған өмір берсең, оны Өзің сақта. Егер оны өлтірсең, оны Өзің жарылқа. Уа, Аллан! Расында, мен Сенен аманшылық сұраймын».¹

«Аллаһумма холақтә нәфси уә әнтә тәуәффәһә, ләкә мәмәтунә уә мәхйәһә, ин әхяйтәһә фахфазһә, уә ин әмәттәһә фағфир ләһә, Аллаһумма инни әс-әлуқәл-ъәфияһ».

اللَّهُمَّ خَلَقْتَ نَفْسِي وَأَنْتَ تَوَفَّاهَا، لَكَ مَمَاتُهَا وَمَحْيَاهَا، إِنَّ أَحْيَيْتَهَا فَاحْفَظْهَا، وَإِنْ أَمَتَّهَا فَاعْفِرْ لَهَا، اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَافِيَةَ.

6) Пайғамбарымыз ﷺ төсегіне жатқанда, былай деп айтқан: «Бізді тамақтандырып, сусындандырған, сондай-ақ, бізге кепіл болып әрі бізге баспана берген Аллаһқа мақтау. Өйткені, кепіл етушісі мен баспана берушісі жоқтар қаншама».²

«Әлхамду лилләһил-ләзү ат-ъамәнә, уә сәқонә, уә кәфәнә, уә әуәнә, фәкәм миммән лә кәфия ләһу уә лә му'уи».

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا وَكَفَانَا وَآوَانَا فَكَمْ مِمَّنْ لَا كَافِيَ لَهُ
وَلَا مُؤْوِي.

7) Пайғамбарымыз ﷺ Али мен Фатимаға (Аллаһ оларға разы болсын) былай деді: «Мен екеуіңе сендерге қызмет қылатын қызметшіден де жақсы нәрсеге көрсетейін бе?» «Түнде ұйықтарда 33 рет «СубханаЛлаһ» (Аллаһ пәк), 33 рет «Әл-

¹ «Мүслим»

² «Мүслим»

хамду лиЛләһ» (Барлық мақтау-мадақ Аллаһқа тән), 34 рет **«Аллаһу Әкбар»** (Аллаһ Ұлы) - деп айтуларың, сіздер үшін қызметшіден де хайырлы». ¹

8) Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Егер арамыздан біреу ұйықтағысы келгенде, Пайғамбар ﷺ оған оң жағына жатып, былай айтуды бұйырушы еді: **«Жеті көктің Раббысы, әрі ұлы 'Аршының Раббысы. Біздің Раббымыз және барлық нәрселердің Раббысы, дән мен дәнекті Жарушы, Тауратты, Інжілді және Фурқанды түсіруші. Уа, Аллаһ! Барлық нәрселердің кесірінен Өзіңе сиынамын, өйткені бүкіл нәрсе Саған бағынышты. Уа, Аллаһ! Сен Әуелгісің, өйткені Сенен бұрын еш нәрсе болмаған, Сен Ақырғысың, өйткені Сенен кейін еш нәрсе болмақ емес. Сен Көрнеусің, Сенің үстіңде еш нәрсе жоқ, Сен Жақынсың (Білушісің), Сенен жақын еш нәрсе жоқ. Бізді қарыздарымыздан және кедейліктен құтқар!»**. ²

«Аллаһумма Робба-с-самáуáти-с-сабъи уә Робба-лардый, уә Робба-л-ЪАршил-ЪАзыйъм, Роббанá уә Робба кулли шáй-ин, Фáлиқо-л-хабби уә-н-нáуá, уә мунзилá-т-Тáурóти, уә-л-Инджáли, уә-л-Фурқóн, әýзу бикá мин шәрри кулли шáй-ин Әнтá áхýйзун би-нáсыйятиһи. Аллаһумма, Әнтá-л-Әууáлу фáләйсá қоблэкá шáй-ун, уә Әнтá-л-Әхиру фáләйсá бәъдэкá шáй-ун, уә Әнтá-з-Зóһиру фáләйсá фáуқокá шáй-ун, уә Әнтá-л-Бáтыйну фáләйсá дýнэкá шáй-ун, иқдыйъáнна-д-дáйна уә әһнинá минáл-фáқр».

اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَوَاتِ السَّبْعِ وَرَبَّ الْأَرْضِ، وَرَبَّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ، رَبَّنَا
وَرَبَّ كُلِّ شَيْءٍ، فَالِقَ الْحَبِّ وَالنَّوَى، وَمُنزِلَ التَّوْرَةِ وَالْإِنْجِيلِ

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

وَالْفُرْقَانِ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ كُلِّ شَيْءٍ أَنْتَ آخِذٌ بِنَاصِيَتِهِ، اللَّهُمَّ أَنْتَ
 الْأَوَّلُ فَلَيْسَ قَبْلَكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ الْآخِرُ فَلَيْسَ بَعْدَكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ
 الظَّاهِرُ فَلَيْسَ فَوْقَكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ الْبَاطِنُ فَلَيْسَ دُونَكَ شَيْءٌ، اقْضِ
 عَنَّا الدَّيْنَ وَأَغْنِنَا مِنَ الْفَقْرِ.

9) Пайғамбар ﷺ айтты: «Төсекке жатарда, намазға дәрет алғаныңдай дәрет ал, кейін оң жағыңа жатып, былай де: «Уа, Аллан! Өзімді Саған бойұсындырдым және ісімді Өзіңе тапсырдым. Әрі жүзімді Саған қараттым және (сауабыңды) үміт етіп, әрі азабыңнан қорқып, Саған арқа сүйедім. Сенен қашып, өзгеден пана табу мүмкін емес, тек Саған қашып, Өзіңнен пана сұраймыз. Түсірген кітабыңа және жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім». Және осы сөздер ең соңғы сөзің болсын. Егер сол түні өлсең, фитрадағы (ислам) күйіңде өлген болып саналасың».¹

«Аллаһумма инни эсләмту уәджһи иләик, уә фәууәдту әмри иләик, уә әлджәту зәһри иләик, роғбатән уә роһбатән иләик, лә мәлджә уә лә мәнджә минкә иллә иләик, әмәнту бикитәбикәл-ләзи әнзәлтә уә бинабийикәл-ләзи арсәлт».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسَلْتُ وَجْهِي إِلَيْكَ، وَفَوَضْتُ أَمْرِي إِلَيْكَ، وَالْجَأْتُ
 ظَهْرِي إِلَيْكَ، رَغْبَةً وَرَهْبَةً إِلَيْكَ، لَا مَلْجَأَ وَلَا مَنَاجَا مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ،
 آمَنْتُ بِكِتَابِكَ الَّذِي أَنْزَلْتَ، وَبِنَبِيِّكَ الَّذِي أُرْسَلْتُ.

¹ «Бухари, Муслим»

(55)

Ұйқыдан тұрғанда айтылатын дұғалар

1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім түнде ұйқысынан тұрып, былай десе: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, Ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Мүлік Оған тән және Ол барлық мақтауға лайықты. Сондай-ақ, Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаһқа мақтау, Аллаһ пәк, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай құдай жоқ, Аллаһ Ұлы, барлық күш-қуат Аллаһқа ғана тән». Кейін Аллаһтан кешірім сұрап, дұға етсе, дұғасына жауап беріледі. Сондай-ақ, дәрет алып, намаз оқыса намазы қабыл болады».¹

«Лә иләһә иллә-Ллаһу, уәхдәһу лә шәрікә ләһ, ләһул мулку уә ләһул-хамду, уә һуә әлә кулли шәй-ин қодір. Әл-хамду лилләһи, субхәнАллаһ, лә иләһә илләллаһу, Аллаһу Әкбәр, лә һаулә уә лә қууәтә иллә билләһ».

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ. الْحَمْدُ لِلَّهِ، سُبْحَانَ اللَّهِ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، اللَّهُ أَكْبَرُ،
لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ.

2) Пайғамбарымыз ﷺ ұйқыдан тұрғанда былай деуші еді: «Бізді өлтіргеннен кейін қайта тірілткен Аллаһқа мақтау! Әрі біз Оған қайтушымыз».²

«Әл-хамду лилләһил-ләзі ахйәнә бәәдә мә әмәтәнә уә иләһин-нушур».

¹ «Бухари»

² «Бухари, Муслим»

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَحْيَانَا بَعْدَ مَا أَمَاتَنَا وَإِلَيْهِ النُّشُورُ.

3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Ұйқы алдында шайтан әрбіріңіздің желкесіне үш жіп байлайды да: «Сенің алдыңда ұзақ түн бар, осылай ұйықтай бер!» – дейді. Егер адам оянып, Аллаһты есіне алса, бірінші жіп үзіледі, дәрет алғанда, екінші жіп үзіледі, намаз оқи бастағанда, үшінші жіп үзіледі және адам күнді сергек, нәпсісі пәк күйде қарсы алады. Егер мұны жасамайтын болса, күнді нашар көңіл күймен және жалқаулықпен қарсы алады».¹

¹ «Бухари, Муслим»

Түс көруге байланысты дұғалар

(56)

Жақсы түс көргенде не істейді?

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егерде біреулерің жақсы түс көрсе, Аллаңқа мақтау айтып, басқаларға түсін айтсын. Расында, жақсы түс Аллаһтан».¹

(57)

Жаман түс көргенде не істейді?

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Жақсы түс ол Аллаһтан. Егерде біреулерің жақсы түс көрсе,оны тек жақсы көретін адамына айтсын. Ал, егерде жаман түс көрсе, сол түстің жамандығы мен шайтанның жамандығынан Аллаһтан пана сұрап, сол жағына үш рет үрлеп түкіріп, ол түсті ешкімге айтпасын. Сонда ол түстің зияны оған ешқашан тимейді».²

2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егерде біреулерің жаман түс көрсе, сол жағына үш рет үрлеп түкірсін және оның жамандығынан Аллаһтан пана сұрасын. Сонда, ол түстің ешқандай зияны тимейді».³

3) Басқа риуаятта Пайғамбар ﷺ: «Басқа бүйіріне аударылып жатсын!» - деді.⁴

4) Пайғамбар ﷺ айтты: «Егерде біреулерің жаман түс көрсе, тұрып намаз оқысын!».⁵

¹ «Бухари»

² «Бухари, Муслим»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Муслим»

⁵ «Муслим»

Жаман түс көрген адам не істейді?

- 1) Көрген түстің және шайтанның жамандығынан Аллаһтан пана сұрайды;
- 2) Сол жағына үш рет үрлеп түкіреді;
- 3) Келесі бүйіріне аударылып жатады;
- 4) Тұрып намаз оқиды;
- 5) Түсті ешкімге айтпайды.

Таңертең және кешке айтылатын
дұғалар

(58)

Таңертең және кешке айтылатын дұғалар

1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Таңертең және кешке «Ықылас, Фәләқ, Нәс» сүрелерін үш реттен оқы, саған барлық нәрседен (аман болуыңа) жеткілікті болады».¹

2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім кешке үш рет : «Аллаһтың толық сөздерімен Оның жаратқан мақұлықтарының жамандығынан Оған сиынамын!» – десе, сол түні оған ешқандай ұлы жәндік зиян тигізбейді».²

«Әўзу бикалимәтил-ләһит-тәммәти мин шәрри мә холәқ».

أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ.

3) Пайғамбар ﷺ айтты: «Қандай да бір құл, күн сайын таңертең және кешке үш рет: «Аллаһтың атымен, Ол сондай Аллаһ, Оның есімімен (болғанымызда) көктер мен жердегі ешбір нәрсе (бізге) зиян тигізе алмайды. Ол – әс-Самиъ (Естуші), әл-Ғалим (Білуші)!» – деп айтса, оған еш нәрсе зиян тигізбейді».³

«Бисмилләһил-ләзӣ лә ядурру мәъасмиһи шәй-ун фил-ардый уә лә фис-сәмә-и уә һуәс-сәмӣъул-ғалим».

بِسْمِ اللَّهِ الَّذِي لَا يَضُرُّ مَعَ اسْمِهِ شَيْءٌ فِي الْأَرْضِ وَلَا فِي السَّمَاءِ
وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ.

¹ «Тирмизи»

² «Ахмад»

³ «Тирмизи»

4) Пайғамбар ﷺ таңертең және кешке былай деп айтушы еді: «Біз ислам аясы бойынша, ықылас сөзіне сәйкес әрі Пайғамбарымыз Мухаммадтың ﷺ әкелген діні бойынша, сондай-ақ, атамыз Ибраһимнің миллетіне сәйкес таң атырдық (кешке: кеш батырдық). Ол (Ибраһим) нағыз ханиф, мұсылман болған. Ол мүшріктерден болған емес».¹

«Асбахна́ (Кешке:Әмсәйнә) ғалә фитротил-исләм, уә ғалә кәлимәтил-ихләс, уә ғалә дүни нәбийһинә Мухаммадин ﷺ, уә ғалә милләти әбүнә Иброһимә хану́фан муслиман, уә мә кәнә минәл-мушрикүн».

أَصْبَحْنَا (أَمْسَيْنَا) عَلَى فِطْرَةِ الْإِسْلَامِ، وَعَلَى كَلِمَةِ الْإِخْلَاصِ، وَعَلَى
دِينِ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، وَعَلَى مِلَّةِ أَبِيْنَا إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا
مُسْلِمًا، وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ.

5) Пайғамбар ﷺ айтты: «Қандай да бір мұсылман, таңертең және кешке, үш рет: «Аллаһты Раббы деп, Исламды дін деп, Мухаммадты ﷺ Пайғамбар деп разы болдым!» – десе, Аллаһ Тағала міндетті түрде оны қиямет күні разы қылады».²

«Роды́ту билләһи роббән, уә бил-исләми дүнән, уә би Мухаммадин ﷺ нәбийән».

رَضِيتُ بِاللَّهِ رَبًّا وَبِالْإِسْلَامِ دِينًا وَبِمُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ نَبِيًّا.

6) Пайғамбар ﷺ таңертең былай деп айтты: «Уа, Аллаһ! Сенің көмегіңмен таң атырдық және Сенің көмегіңмен кеш батырдық. Сенің көмегіңмен тіріліп, Сенің көмегіңмен көз жұмамыз және Саған қайтамыз».

¹ «Ахмад»

² «Ахмад»

Ал, кешке былай деуші еді: «Уа, Аллаһ! Сенің көмегіңмен кеш батырдық және Сенің көмегіңмен таң атырдық. Сенің көмегіңмен тіріліп, Сенің көмегіңмен көз жұмамыз және Саған қайтамыз».¹

Таңертең: *«Аллаһумма бикә асбахна, уә бикә әмсәйна, уә бикә нәхйә уә бикә нәмұт, уә иләйкән-нушұр».*

اللَّهُمَّ بِكَ أَصْبَحْنَا، وَبِكَ أَمْسَيْنَا، وَبِكَ نَحْيَا وَبِكَ نَمُوتُ،
وَإِلَيْكَ النُّشُورُ.

Кешке: *«Аллаһумма бикә әмсәйна, уә бикә асбахна, уә бикә нәхйә уә бикә нәмұт, уә иләйкәл-масыйр».*

اللَّهُمَّ بِكَ أَمْسَيْنَا، وَبِكَ أَصْبَحْنَا، وَبِكَ نَحْيَا، وَبِكَ نَمُوتُ،
وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ.

7) Пайғамбарымыз ﷺ кешке былай айтушы еді: «Біз кеш батырдық (таңертең: таң атырдық), әрі бүкіл билік Аллаһқа тән болып, кеш батты (таңертең: таң атты). Барлық мақтау-мадақтар Аллаһқа лайық, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Ол жалғыз, әрі Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, әрі мақтау-мадақ Оған лайық, Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Уа, Раббым! Мен Сенен осы түннің (таңертең: күннің) және одан кейінгісінің жақсылығын сұраймын, әрі осы түннің (таңертең: күннің) және одан кейінгісінің жамандығынан Өзіңе сиынамын. Уа, Раббым! Мен жалқаулықтан әрі жаман халде қартаюдан Өзіңе сиынамын. Уа, Раббым! Мен тозақ азабынан және қабір

¹ «Бухари Адаб әл-мұфрадта риуаят етті».

азабынан Өзіңнен пана сұраймын».¹

Кешке: «Әмсайнә уә әмсәл-мулку лилләһи, уәл-хәмду лилләһи. Лә иләһә иллә-Ллаһу, уәхдәһу лә шәрікә ләһ, ләһул мулку уә ләһул-хамду, уә һууә ғалә кулли шәй-ин қодір. Роббӣ әс-әлукә хойро мә фӣ һәзинил-ләйләти уә хойро мә бәъдәһә, уә әўзу бикә мин шәрри мә фи һәзинил-ләйләти уә шәрри мә бәъдәһә, Роббӣ әўзу бикә минәл-кәсәл, уә сү-ил-кибар, Роббӣ әўзу бикә мин ғазәбин фин-нәри уә ғазәбин фил-қобр».

أَمْسَيْنَا وَأَمْسَى الْمَلِكُ لِلَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، رَبِّ أَسْأَلُكَ خَيْرَ مَا فِي هَذِهِ اللَّيْلَةِ، وَخَيْرَ مَا بَعْدَهَا، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا فِي هَذِهِ اللَّيْلَةِ، وَشَرِّ مَا بَعْدَهَا، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْكَسَلِ، وَشَرِّ الْكَبِيرِ، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ فِي النَّارِ، وَعَذَابِ فِي الْقَبْرِ.

Таңертең: «Асбахнә уә асбахал-мулку лилләһи, уәл-хәмду лилләһи. Лә иләһә иллә-Ллаһу, уәхдәһу лә шәрікә ләһ, ләһул мулку уә ләһул-хамду, уә һууә ғалә кулли шәй-ин қодір. Роббӣ әс-әлукә хойро мә фӣ һәзәл-яуми уә хойро мә бәъдәһу, уә әўзу бикә мин шәрри мә фи һәзәл-яуми уә шәрри мә бәъдәһу, Роббӣ әўзу бикә минәл-кәсәл уә сү-ил-кибар, Роббӣ әўзу бикә мин ғазәбин фин-нәри уә ғазәбин фил-қобр».

¹ «Мүслим»

أَصْبَحْنَا وَأَصْبَحَ الْمَلِكُ لِلَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، رَبِّ أَسْأَلُكَ خَيْرَ مَا فِي هَذَا الْيَوْمِ، وَخَيْرَ مَا بَعْدَهُ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا فِي هَذَا الْيَوْمِ، وَشَرِّ مَا بَعْدَهُ، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْكَسَلِ، وَسُوءِ الْكِبَرِ، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابٍ فِي النَّارِ، وَعَذَابٍ فِي الْقَبْرِ.

8) Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға ﷺ: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған таңертең және кешке айтатын бір нәрсе үйретіңізші!» – деді. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ: «Уа, Аллаһ! Көмес пен көрнеуді Білуші, көктер мен жердің Жаратушысы, барлық нәрселердің Раббысы әрі Патшасы. Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір иләһ жоқ екендігіне күәлік беремін және өз нәпсімнің кесірінен, әрі шайтанның жамандығы мен оның Саған серік қосуына шақыруынан Өзіңе сиынамын!» – деп таңертең, кешке және ұйықтарда айтып жат!» – деп бұйырды.¹

«Аллаһумма ʿалимәл-ғойби уәш-шәһадән, фатыйрос-сәмәуәти уәл-ард, роббә кулли шәй-ин уә мәлікәһу, әшһәду әллә иләһә иллә әнт, әһузу бикә мин шәрри нәфси, уә мин шәрриш-шайтәһни уә ширкиһи».

اللَّهُمَّ عَالِمَ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ، فَاطِرَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ، رَبِّ كُلِّ شَيْءٍ وَمَلِيكُهُ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ نَفْسِي، وَمِنْ شَرِّ الشَّيْطَانِ وَشَرِّكَهِ.

¹ «Тирмизи»

9) Пайғамбарымыз ﷺ мына дұғаларды таңертең және кешке айтып, оларды тастамаушы еді: «Уа, Аллан! Мен Сенен дүние мен ақыретте есен-амандықты сұраймын. Уа, Аллан! Мен Сенен дінімде, тұрмыс-тіршілігімде, жанұям мен мал-мүлкімде жарылқау мен есен-амандықты сұраймын. Уа, Аллан! Менің ұятты жерлерімді Өзің бекіт және мені қорқыныштан аман ет. Уа, Аллан! Мені алды-артымнан, оң жақ-сол жағымнан, төбемнен де Өзің сақта! Аяқ астымнан қиянатқа ұшырап, өліп кетуден Өз ұлылығыңа сиынамын».¹

«Аллаһумма иннү әс-әлукәл-ъафияһ фид-дуня уәл-әхирәһ, Аллаһумма иннү әс-әлукәл-ъафуә уәл-ъафияһ фү дүни уә дуняһ-йа уә аһлү уә мәли, Аллаһуммас-туръауроти, уә әмин роуъати, Аллаһуммах-фазнү мин бәйни ядайиә, уә мин холфү, уә ған ямүни, уә ған шимәли, уә мин фәуқү, уә әузу биъазомәтикә ән уғтәлә мин тәхтү».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَافِيَةَ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ، اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَفْوَ
وَالْعَافِيَةَ فِي دِينِي وَدُنْيَايَ وَأَهْلِي، وَمَالِي، اللَّهُمَّ اسْتُرْ عَوْرَاتِي، وَآمِنْ
رَوْعَاتِي، اللَّهُمَّ احْفَظْنِي مِنْ بَيْنِ يَدَيْ، وَمِنْ خَلْفِي، وَعَنْ يَمِينِي، وَعَنْ
شِمَالِي، وَمِنْ فَوْقِي، وَأَعُوذُ بِعَظَمَتِكَ أَنْ أُغْتَالَ مِنْ تَحْتِي.

10) Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «Кешірім сұраудың ең жақсы түрі, былай деп айтуың: «Уа, Аллан! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа құлшылыққа лайықты бірде-бір тәңір жоқ. Сен мені жараттың, мен Сенің құлыңмын. Мен күш-құдіретім жеткенше Саған деген уәдемді, әрі сертімді сақтаймын. Әрі жасаған істерімнің жамандығынан Өзіңе

¹ «Ахмад»

сиынамын. Маған берген нығметтеріңді мойындаймын әрі күнәларымды да мойындаймын. Мені кешіре гөр! Шын мәнінде, Сенен басқа күнәларды кешіретін ешкім жоқ».

Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, осы сөздерді таңертең айқын сеніммен айтып, сол күні кеш батпастан бұрын жан тапсырса, ол жәннаттықтардан.

Ал, кімде-кім, осы сөздерді кешке айқын сеніммен айтып, сол түні таң атпастан бұрын жан тапсырса, ол жәннаттықтардан».¹

«Аллаһумма антә Роббү лә иләһә иллә ант, холақтәни уә әнә ʔабдука, уә әнә ʔалә ʔандика уә уәʔдика мәстәтоʔту, әʔузу бика мин шәрри мә сонәту, әбу-у ләкә биниғмәтика ʔаләйиә, уә әбу-у бизанбү, фәғфир ли фә-иннәһу лә яғфируз-зунубә иллә ант».

اللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ، وَأَنَا عَلَىٰ عَهْدِكَ
وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتُ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ، أَبُوءُ لَكَ
بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ، وَأَبُوءُ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ.

11) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, таңертең және кешке: «Аллаһ кемшіліктен пәк әрі мақтау-мадақ Оған тән!» – деп жүз рет айтса, қиямет күні одан ешкім оза алмайды, тек қана осылай айтқан немесе одан да артық айтқан адамнан басқа».²

«СубхәнАллаһи уә бихамдиһ».(100 рет)

سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ.

¹ «Бухари»

² «Мұслим»

12) Пайғамбар ﷺ айтты: «Таңертең жүз рет және кешке жүз рет: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Ол жалғыз, әрі Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, әрі мақтау-мадақ Оған лайық. Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!» – деп айтқан адамнан жақсырақ амалды ешкім алып келе алмайды, тек қана одан да артық айтқан адамнан басқа».¹

«Лá илáһә иллá-Ллаһу, уáхдáһу лá шáрікá лáһ, лáһул мулку уá лáһул-хамду, уá һуáá ʔалá кулли шáй-ин қодúр».(100 рет)

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَهُوَ عَلَى
كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ.

¹ «Нәсәи»

(59)

Балаларға шайтаннан және көз тиюден пана бер деп Аллаһтан дұға ету

Пайғамбарымыз ﷺ немерелері Хасан мен Хусейнге¹ дұға етерде былай деді: «Расында, сендердің аталарың (Ибраһим) Исмаил мен Исхаққа (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) осылай дұға қылған: «Аллаһтың кәміл сөздерімен барлық шайтаннан, әрі улы зиянкестерден және сұқ көзден сақтауын сұрап сиынамын!»²

«Уъйзука бикәлимәтилләһит-тәммәти мин кулли шайтанин уә һәммәһ, уә мин кулли ғайнин ләммәһ».

أُعِيذُكُمْ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّةِ مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَهَامَّةٍ،
وَمِنْ كُلِّ عَيْنٍ لَامَّةٍ.

¹ Осылай дұға қылу үшін, бала қасыңда болу шарт емес, ол сенен алыста болса да, айтуға болады. Сондай-ақ, осы дұғаны тек балаға емес, басқаларға да (анасына, әйеліне т.б) тілеуге болады.

² «Бухари»

Жалпы зікірлер

(60)

Тасбих¹ және тахмид² айту

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім: «Ұлы Аллаһ пәк және Ол барлық мақтауға лайық!» – десе, ол үшін жәннатта бір құрма ағашы егіледі».³

«СубхánАллаһил-ъазыйми уә бихәмдин».

سُبْحَانَ اللَّهِ الْعَظِيمِ وَ بِحَمْدِهِ.

2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, бір күнде, жүз рет: «Аллаһ пәк және Оған мақтау болсын!» - десе, оның күнәлары теңіздің көбігіндей болса да кешіріледі».⁴

«СубхánАллаһи уә бихәмдин».

سُبْحَانَ اللَّهِ وَ بِحَمْدِهِ.

3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Аллаһтың ең жақсы көретін сөздері төртеу: «Аллаһ пәк, барлық мақтау-мадақ Аллаһқа тән, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешқандай құдай жоқ, Аллаһ ең ұлы». Осы сөздердің қайсысымен бастасаң да оқасы жоқ».⁵

«СубхánАллаһ, әл-хәмду лилләһ, лә иләнә иллаЛлаһ, Аллаһу Әкбар».

سُبْحَانَ اللَّهِ، وَ الْحَمْدُ لِلَّهِ، وَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَ اللَّهُ أَكْبَرُ.

¹ СубханАллаһ (Аллаһ барлық кемшілік атаулыдан таза әрі пәк) – деп айту.

² Әл-хәмду лиЛләһ (Барлық мақтау-мадақ Аллаһқа арналады және Ол лайықты) – деп айту.

³ «Тирмизи»

⁴ «Бухари, Муслим»

⁵ «Муслим»

4) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Айтуда тілге өте жеңіл, таразыға салғанда өте ауыр, әрі Мейірімді Алланға сүйкімді болған екі сөз бар, олар: «Аллаһ (кемшіліктен) пәк және Ол барлық мақтауға лайық. Ұлы Аллаһ кемшілік атаулыдан пәк».¹

«Субхán-Аллаһи уә бихәмдиһ, субхán-Аллаһил-ъазы́йм».

سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ سُبْحَانَ اللَّهِ الْعَظِيمِ.

5) Бірде Пайғамбарымыз ﷺ: «Сендерден кім күн сайын мың жақсылық істей алады?» – деп сұрады. Қасында отырған сахабалардың бірі: «Біз қалай мың жақсылық істеймиз?» – деді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Егер адам жүз тасбих («СубханАллаһ») айтса, оған мың жақсылық жазылып немесе мың күнәсі өшіріледі!» – деді.²

6) Джуәйрия анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте: «Таң атқанда Пайғамбар ﷺ оның қасынан таң намазына шыққан еді. Және сол уақытта Джуәйрия анамыз өзінің намаз оқитын жерінде отырған еді. Духа уақытында Пайғамбар ﷺ қайтып келгенде, Джуәйрия анамыз сол жерде отырды. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: «Мен кеткеннен бері отырған қалпыңда әлі отырсың ба?» – деп сұрады. Ол: «Иә!» – деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «Сенің қасыңнан кеткеннен кейін төрт сөзді үш рет айттым, егер сол сөздер сенің бүгін айтқан сөздеріңмен таразыда өлшенетін болса, басып кетер еді: «Аллаһқа жаратылыстарының санындай, разылығының мөлшеріндей, тағының салмағындай, сөздерінің көлеміндей дәріптеу мен мақтау болсын!».³

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

³ «Муслим»

«СубхánАллаһи уә бихәмдин, ъадада холқини, уә ридо нәфсиһи, уә зинәтә ъаршини, уә мидáдә кәлимáтин».

سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ، عَدَدَ خَلْقِهِ، وَرِضَا نَفْسِهِ، وَزِينَةَ عَرْشِهِ وَمَدَادَ
كَلِمَاتِهِ.

(61)

Тәһлил¹ айту

1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, күніне жүз рет: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Ол жалғыз, әрі Оның серігі жоқ. Билік Оған тән, әрі мақтау-мадақ Оған лайық. Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді!» – деп айтса:

- Он құлды босатқандай сауап алады;
- Оған жүз сауап жазылады;
- Оның жүз күнәсі өшіріледі;
- Сол күні кеш батқанға дейін шайтаннан қорған болады;
- Тек қана одан да артық айтқан адамнан басқа, ол адамнан жақсырақ амалды ешкім алып келе алмайды».²

«Лá илáһә иллá-Ллаһу, уәхдәһу лá шәрікә ләһ, ләһул мулку уә ләһул-хамду, уә һуә ъалá кулли шәй-ин қодúр».(100 рет)

لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ، وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى
كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ.

¹ Лә иләһә иллаЛлаһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір иләһ жоқ) – деп айту.

² «Бухари, Муслим»

(63)

Кешірім сұрау және тәубе ету

1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Расында, Мен Аллаһтан күніне жүз рет кешірім сұраймын».¹

«Әстәғфиру-Ллаһә уә әтубу иләһһ!».(100 рет)

أَسْتَغْفِرُ اللَّهَ وَأَتُوبُ إِلَيْهِ.

2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Қандай да бір адам күнә жасап қойса, кейін жақсылап дәрет алып, екі ракағат намаз оқып, Аллаһтан кешірім сұрайтын болса, Аллаһ оның күнәсін кешіреді».²

3) Пайғамбар ﷺ айтты: «Уа, Адамдар! Аллаһқа тәубе етіңдер! Расында, Мен Аллаһқа күніне жүз рет тәубе етемін!».³

¹ «Мүслим»

² «Ахмад»

³ «Мүслим»

Жел және жаңбырға байланысты
дұғалар

(64)

Жел тұрғанда айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ жел тұрғанда былай деді: «Уа, Аллан! Мен Сенен бұл желдің жақсылығын, әрі оның ішіндегінің жақсылығын және онымен жіберілген нәрсенің жақсылығын сұраймын. Сондай-ақ, оның жамандығынан, әрі оның ішіндегінің жамандығынан және онымен жіберілген нәрсенің жамандығынан Өзіңе сиынамын».¹

«Аллаһумма иннү әс-әлукә хойроһә, уә хойро мә фүһә, уә хойро мә урсиләт биһ. Уә әбузу бикә мин шәрриһә, уә шәрри мә фүһә, уә шәрри мә урсиләт биһ».

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ خَيْرَهَا، وَخَيْرَ مَا فِيهَا، وَخَيْرَ مَا أُرْسِلَتْ بِهِ. وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّهَا، وَشَرِّ مَا فِيهَا، وَشَرِّ مَا أُرْسِلَتْ بِهِ.

(65)

Жаңбыр жауғанда айтылатын дұға

1) Пайғамбарымыз ﷺ жаңбыр жауып жатқанын көргенде, былай деді: «Уа, Аллан! Бұл жаңбырды пайдалы еткейсің!».²
«Аллаһумма сойибән нәфиъан».

اللَّهُمَّ صَيِّبًا نَافِعًا.

¹ «Мүслим»

² «Бухари»

2) Пайғамбарымыздан ﷺ келген Құдсий хадисінде Аллаһ Тағала айтты: «Құлдарымның ішінде біреулері мүмін болып, ал біреулері имансыз болып таң атырды». Кімде-кім: «Бізге Алланың мейірімі және нығметімен жаңбыр жауды!» – десе, ол Маған иман келтіріп (мүмін болған), жұлдызға кәпір болды. Ал, кімде-кім: «Бізге пәленше жұлдыздың себебімен жаңбыр жауды!» – десе, ол Маған иман келтірмей (кәпір болған), жұлдызға иман келтірді».¹

¹ «Бухари, Муслим»

Әтеш шақырғанда және есек
ақырғанда айтылатын дұға

(66)

Әтеш шақырғанда және есек ақырғанда айтылатын
дұға

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Егер әтештің шақырғанын естісеңіздер, Аллаһтан Оның (мейірімін) кеңшілігін сұраңыздар, себебі ол періштені көрген болады. Егер есектің ақырғанын естісеңіздер, Аллаһтан шайтанның жамандығынан пана сұраңыздар, себебі ол шайтанды көрген болады».¹

¹ «Бухари, Муслим»

Адамдармен қарым-қатынасқа
байланысты дұғалар

(67)

Уақытша бір үйге тұрақтаған кезде айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім бір үйге тұрақтап, кейін: «Аллаһтың кәміл сөздерімен жаратқанының жамандығынан сиынамын!» – десе, сол үйден кеткенше оған еш нәрсе зиян тигізбейді».¹

«Әўýзу бикалимáтиллáһит-тáммáти мин шáрри мá холáқ».

أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ.

(68)

«Мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін!» – деген кісіге айтылатын дұға

Анас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) айтты: Бірде мен Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында болғанда, қасымыздан бір кісі өтті. Сол кезде адамдардың арасынан біреу тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, Мен бұл кісіні жақсы көремін!» – деді. Аллаһ Елшісі ﷺ: «Сен оған жақсы көретініңді айттың ба?» – деді. Ол: «Жоқ!» – деді. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ: «Тұр да,оған айт!» — деді. Әлгі кісі тұрып: «Уа, пәленше! Аллаһпен ант етейін! Мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін!» – деді. Сонда оған: «Сен мені кім үшін жақсы көрсең, Ол да сені жақсы көрсін!» –деп жауап берді.²

«Әхáббáкэл-лázú әхбáбтáнуí фúһ».

¹ «Мүслим»

² «Ахмад»

أَحَبُّكَ الَّذِي أَحْبَبْتَنِي فِيهِ.

(69)

Басқа біреуден бір нығмет көргенде айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егерде біреулерің бауырынан бір ұнайтын нәрсе көрсе, оған береке тілеп дұға етсін!».¹

«*БáрокаЛлану фúкá*».

بَارِكْ لِلَّهِ فِيكَ.

(70)

Бір нәрсеге таң қалғанда айтылатын дұға

1) «Аллаһ барлық кемшілік атаулыдан таза әрі пәк!» – деп айтады.²

«*СубхáнАллаһ*». سُبْحَانَ اللَّهِ

2) «Аллаһ ең ұлы!» – деп айтады.³

«*Аллаһу Әкбар*». اللَّهُ أَكْبَرُ

(71)

Түшкіргенде айтылатын дұға

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егер сендерден біреуің түшкірсе: «Аллаһқа мақтау болсын!» («*әл-хәмду лиЛләһ*») –

¹ «Ибн Мәджә»

² «Бухари, Мүслим»

³ «Бухари, Мүслим»

деп айтсын. Сонда жанындағы бауыры немесе жолдасы: «Аллаһтың саған рахымы болсын!» (*«ЙархамукаЛлаһ»*) – деп айтсын. Ал түшкірген кісі оған былай деп жауап қайтарсын: «Аллаһ сіздерді тура жолға бастап, көңіл-күйлеріңізді түзесін!» (*«ЙаһдүкумуЛлаһу уә юслиху бәләкум»*).¹

الْحَمْدُ لِلَّهِ، يَرْحَمُكَ اللَّهُ، يَهْدِيكَ اللَّهُ وَ يُصْلِحُ بِأَلْمِ.

(72)

Ашуланғанда айтатын дұға

Бірде Пайғамбардың ﷺ қасында екі адам ұрсысып қалды. Біреуі ашуланып, беті қызарып кетті. Сонда Пайғамбар ﷺ оған қарап: «Расында, мен бір сөз білемін, егер оны айтсаң, ашуың кетіп қалар еді: Қуылған шайтаннан Аллаһтан пана сұраймын! – деп айту».²

«Әўзу билләһи минаш-шайтәнир-роджүм».

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ.

(73)

Жақсылық істеген кісіге айтылатын дұға

Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кімге жақсылық жасалып және ол жасаған адамға: «Аллаһ Тағала саған жақсылық берсін!» – деп айтса, ең жақсы түрде алғыс айтқан болып саналады».³

¹ «Бухари»

² «Бухари, Муслим»

³ «Тирмизи»

جَزَاكَ اللَّهُ خَيْرًا. «ДжэзәкәЛләһу хойрон».

(74)

Мәжілістің кәффараты (төлемі)

Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, бір мәжілісте отырып, көп сөйлеп қойған болса және сол мәжілістен тұрар алдында: **«Субхәнәк-әЛләһуммә уә бихәмдикә, әшһәду әллә иләһә иллә әнт, әстәғфирукә уә әтүбу иләйк!»** – десе, сол отырыста болған күнәлары кешіріледі».¹

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، أَشْهَدُ أَلَّا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ،
أَسْتَغْفِرُكَ، وَأَتُوبُ إِلَيْكَ.

«Уа, Аллаһ! Сен пәксің және Саған мақтау! Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік беремін. Сенен кешірім сұраймын және Саған тәубе етемін!»

¹ «Тирмизи»

Әдептер бөлімі

Аллаһтың хақысы

(75)

Аллаһқа деген ықыластық

1) Пайғамбар ﷺ Құдсий хадисте айтты: «Аллаһ Тағала айтты: «Мен – серіктестердің ішіндегі, серік қосуға мұқтаж емес, ең байымын. Кімде-кім бір амал жасап, ол амалда Маған серік қосса, Мен оның өзін де, жасаған ширкін де тастадым!».¹

2) Абу Саъид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте Пайғамбар ﷺ: «Мен сіздер үшін Дәджәлдан да қатты қорқатын нәрсе туралы хабар берейін бе?» – деді. Біз: «Әрине!» – деп жауап бердік. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ: «Жасырын ширк – адам намаз оқып тұрғанда, басқа біреудің оған қарап тұрғанын байқап, сол үшін намазын көркемдетіп оқуы!» – деді.²

(76)

Аллаһтың көріп тұрғанын естен шығармау

Пайғамбар ﷺ айтты: «Қайда болсаң да, Аллаһтан қорық! Және әрбір күнәлі істен кейін, оны кетіретін жақсы амал жаса. Сондай-ақ, адамдарға жақсы мінез-құлық көрсет!».³

(77)

Дұға ету

Пайғамбарымыз ﷺ: «Асығыстық жасап: «Дұға қылдым, (бірақ Аллаһ) маған жауап бермеді!» – демесе, сендердің әрқайсыңа жауап беріледі!» – деген.⁴

¹ «Мұслим»

² «Ибн Мәджә»

³ «Тирмизи»

⁴ «Бухари, Мұслим»

(78)

Сурет салу туралы

- 1) Абу Джухәйфә (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Пайғамбар ﷺ суретшіні лағынеттеді».¹
- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Барлық суретші тозақта! Салған суретінің барлығына жан беріліп, сол суреттер оны жәннамда азаптайды».²

¹ «Бухари»

² «Мүслим»

Ғибадаттар

(79)

Құранды қайталау және оны үнемі оқу

Пайғамбар ﷺ: «Құранды үнемі оқыңдар! Жаным қолыңда болған Аллаһпен ант етейін! Расында, ол тұсауынан босаған түйелерден де тез қашады!» – деген.¹

(80)

Жамағат намазы уәжіп

Пайғамбарға ﷺ бір соқыр кісі келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, Мені қасымда намазға жетелеп, апаратын адам жоқ!» – деп, Пайғамбардан ﷺ намазды үйден оқуға рұқсат сұрады және оған рұқсат етілді.

Әлгі кісі кетіп қалғаннан кейін, Пайғамбар ﷺ оны қайтадан шақырып алып: «Намазға шақырған азанды естисің бе?» – деп сұрады. Соқыр кісі: «Иә!» – деді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Ендеше, азанға жауап бер де, намазға кел!» – деді.²

(81)

Мешітке аяқтай жүріп бару

Пайғамбар ﷺ айтты: «Намазға келгенде, асықпай, денелерің тынышталған халде келіңдер!».³

¹ «Бухари, Мұслим»

² «Мұслим»

³ «Мұслим»

Жаратылыстардың хақылары

(82)

Пайғамбардың ﷺ хақылары

- 1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Үмметімнің барлығы жәннатқа кіреді, тек қана бас тартқандардан басқа. Оған қасындағылар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бас тартатындар кімдер?» – деді. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ: «Кімде-кім маған бойұсынса, ол жәннатқа кіреді. Ал, кімде-кім бойұсынбаса, ол бас тартты».¹
- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Мені әкесінен де, баласынан да, адамдардың барлығынан да артық жақсы көрмейінше, ешкім иман келтірмейді!».²
- 3) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім менің сүннетімді қаламайтын болса, ол менен емес!».³
- 4) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, біз бұйырмаған амалды істейтін болса, ол қайтарылады (қабылданбайды)».⁴
- 5) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім, Маған бір салауат айтса, Аллаһ Тағала оған он салауат айтады».⁵

¹ «Бухари»

² «Бухари, Мұслим»

³ «Бухари, Мұслим»

⁴ «Мұслим»

⁵ «Мұслим»

(83)

Ата-анаға жақсылық

- 1) Пайғамбарға ﷺ бір адам келіп: «Жақсы қарым-қатынас жасауыма адамдардың ең құқылысы кім?» – деп сұрады. Пайғамбар ﷺ: «Анаң!» – деді. Әлгі адам: «Одан кейін кім?» – деді. Пайғамбар ﷺ: «Анаң!» – деді. Әлгі адам тағы да: «Одан кейін кім?» – деді. Пайғамбар ﷺ: «Анаң!» – деді. Әлгі адам тағы да: «Одан кейін кім?» – деді. Пайғамбар ﷺ: «Әкең!» – деді.¹
- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Ең керемет жақсылық – адам әкесінің достарымен қарым-қатынаста болуы».²

(84)

Туыстық қарым-қатынас

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім, ризығы көбейгенін және өмірі ұзақ болғанын қаласа, туыстық қарым-қатынасты үзбесін».³
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Туыстарының қарым-қатынасына жауап қайтарушы – байланыс жасаушы емес, нағыз туыстық байланыс жасаушы – туыстары қатынасты үзгенде байланыс жасаушы».⁴
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Туыстық қатынасты үзуші жәннатқа кірмейді».⁵

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Бухари»

⁵ «Бухари, Муслим»

(85)

Көршіні құрметтеу

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Жәбірейіл маған көршіге жақсы қатынас жасау туралы өсиет айтқаны соншалық, тіпті көршіні мұрагерлер қатарына қоса ма деп ойлады!».¹
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне құрмет көрсетсін!».²
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, көршісіне зиян тигізбесін!».³

(86)

Қонақты құрметтеу

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағына құрмет көрсетсін!».⁴

(87)

Ғұламалар мен салихалы адамдарды құрметтеу

Пайғамбарымыз ﷺ Қудсий хадисінде былай деді: «Аллаһ Тағала айтты: «Кімде-кім Менің жақын құлыммен жауласса, Мен оған соғыс жариялаймын».⁵

¹ «Бухари, Мұслим»

² «Бухари, Мұслим»

³ «Бухари, Мұслим»

⁴ «Бухари, Мұслим»

⁵ «Бухари»

(88)

Үлкенді құрметтеу

Бірде бір кісі, араларында одан да үлкен кісі бола тұра сөз сөйледі. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Үлкен кісі (сөйлеп) бастасын!» – деді.¹

(89)

Науқасты зиярат ету

Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім науқасты зиярат етсе, қайта оралғанша жәннаттың жемістерінің қасында болады».²

¹ «Мұслим»

² «Мұслим»

Тазалық туралы

(90)

Қажетін өтеу әдептері

- 1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Екі нәрсе лағынетке ұшыратушы, одан сақ болыңдар! Адамдар оған: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол екеуі не?» – деп сұрады. Аллаһ Елшісі ﷺ: Адамдардың жүретін жолында немесе отыратын көлеңкесінде үлкен қажет өтеу!»– деді.¹
- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Қажетін өтегенде, ешбіреуің оң қолымен мүшесін ұстамасын және оң қолымен сүртінбесін».²
- 3) Бірде Пайғамбар ﷺ екі қабірдің қасынан өтіп, былай деді: «Расында, мына екеуі азапталып жатыр, бірақ үлкен нәрсе себепті азапталып жатқан жоқ. Олардың бірі өсек тарататын, ал екіншісі зәрінен сақтанбайтын».³

(91)

Фитраға байланысты қажеттіліктер

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Бес нәрсе фитрадан:⁴
 - сүндетке отырғызу;
 - ұма шаштарын қыру;
 - тырнақты алу;
 - қолтықтағы түкті жұлу;
 - мұртты қысқарту».⁵

¹ «Мұслим»

² «Бухари, Мұслим»

³ «Бухари, Мұслим»

⁴ «Адамның жаратылуынан бекітілген нәрселер».

⁵ «Бухари, Мұслим»

2) Анас (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Мұртты қысқартуды, тырнақты алуды, қолтықтағы түкті жұлуды және шаттағы түктерді қыруды, қырық күннен асырмауға бұйырылды».¹

(92)

Сиуәк қолдану

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Сиуәк – ауызды тазартып, Раббыны риза қылады».²
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Үмметіме машақат болмаса, әрбір намаздың алдында сиуәк қолдануды әмір етер едім».³

(93)

Түшкіру әдебі

«Пайғамбар ﷺ түшкірген кезде, бетін қолымен немесе киімімен жауып, дауысын бәсеңдетуші еді».⁴

¹ «Мүслим»

² «Ахмад»

³ «Бухари, Мүслим»

⁴ «Тирмизи»

(94)

Есінеу әдебі

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Есінеу шайтаннан, егерде біреулерің есінесе, шамасы келгенше қайтарсын. Егер біреулерің есінеп: «Һә» – деп дауыс шығарса, шайтан күледі».¹
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егер біреулерің есінесе, қолымен аузын жапсын, себебі есінегенде шайтан кіреді».²

¹ «Бухари»

² «Мүслим»

Киім және сыртқы келбет туралы

(95)

Изарды тобықтан түсіру харам

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Изары¹ тобықтан төмен түссе, ол тозақта!».²
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім тәкаппарлықтан киімін жерге сүйретіп жүрсе, қиямет күні Аллаһ Тағала оған қарамайды».³

(96)

Аяқ киім кию әдебі

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Егерде біреулерің аяқ киім киетін болса, оң жағынан бастасын. Ал, шешетін болса, сол жағынан бастасын».⁴
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Сендердің араларыңда ешкім аяқ киімнің біреуін киіп жүрмесін! Екеуін бірге киісін немесе екеуін де шешіп тастасын».⁵

(97)

Сақал жіберу уәжіп

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Мүшріктерге қарама-қайшы болыңдар! Сақалдарыңды жіберіп, мұрттарыңды қысқартыңдар!».⁶

¹ «Ұзын киімнің етегі немесе шалбардың екі балағы».

² «Бухари»

³ «Бухари, Мұслим»

⁴ «Бухари, Мұслим»

⁵ «Бухари, Мұслим»

⁶ «Бухари»

(98)

Қозағ¹ туралы«Пайғамбарымыз ﷺ қозағтан тыйым салды».²

(99)

Жасанды шаш жалғау, денеге сурет салу және қас
жұлу туралы

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Аллаһ Тағала жасанды шаш кигізгендер мен кигендерді, сондай-ақ, денеге сурет салушы мен салғызғандарды лағынеттеді».³
- 2) Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Аллаһ Тағала денеге сурет салушы мен салғызғандарды, қас жұлушы мен жұлғызушыларды, тістерін әдемілік үшін егеп, Аллаһтың жаратылысын өзгертушілерді лағынеттеді. Аллаһ Елшісі ﷺ лағынеттеген адамдарды неге лағынеттемеске?!».⁴

¹ «Қозағ» – бастағы шаштың кейбір бөлігін алып тастап, кейбір бөлігін қалдыру.

² «Бухари, Муслим»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Бухари, Муслим»

(100)

Бір қауымға ұқсап, еліктеу туралы

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім бір қауымға ұқсауға тырысып, еліктейтін болса, ол солардан».¹
- 2) Ибн Аббас (Аллаһ оларға разы болсын) айтты: «Аллаһ Елшісі ﷺ әйелдерге еліктеген еркектерді және еркектерге еліктеген әйелдерді лағынеттеді».²

¹ «Абу Дауд»

² «Бухари»

Тамақтану және су ішу әдебі

(101)

Тамақтану әдебі

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ: «Әй, Бала! Аллаһтың атымен баста, тамақты оң қолыңмен және алдыңнан же!» – деді.¹
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ: «Ыдыстағы тағамның ортасынан емес, шеттерінен жеңдер! Расында, берекет ыдыстың ортасынан түседі!» – деді.²
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ: «Егерде тағамның кішкене бөлігі жерге түссе, оны тазалап жеп қойсын, оны шайтанға қалдырмасын!» – деді.³
- 4) «Аллаһ Елшісі ﷺ тамақты ешқашан жамандаған емес. Егер оны ұнатса жеп, ал ұнатпаса жемейтін еді».⁴

(102)

Су ішу әдебі

- 1) «Пайғамбар ﷺ суды тұрып ішуден тыйым салды».⁵
- 2) «Пайғамбар ﷺ тағам мен сусынға үруден тыйым салды».⁶
- 3) Пайғамбар ﷺ: «Кімде-кім су ішсе, ыдысқа демалып, үрмесін!» – деді.⁷
- 4) «Пайғамбар ﷺ су ішкенде, үш рет демалып⁸ ішуші еді».⁹

¹ «Бухари, Муслим»

² «Ахмад»

³ «Муслим»

⁴ «Бухари, Муслим»

⁵ «Муслим»

⁶ «Ахмад»

⁷ «Бухари, Муслим»

⁸ «Яғни, ыдыстың сыртына демалып ішкен».

⁹ «Бухари, Муслим»

(103)

Тамақтанып және су ішіп болғаннан кейінгі әдептер

- 1) Аллаһ Елшісі ﷺ (тамақтанып болған соң) саусақта қалған тамақты жалап алуды және ыдыстағы тамақты саусақпен сүртіп алуды әмір етті. Және былай деді: «Себебі, сендер берекеттің қай жерінде екенін білмейсіңдер ғой!».¹
- 2) Пайғамбар ﷺ: «Расында, Аллаһ Тағала тамақтанып және су ішіп болып, сол үшін Оған мақтау айтқан құлға разы болады!» – деді.²

¹ «Мұслим»

² «Мұслим»

Қарым-қатынасқа байланысты
әдептер

(104)

Жол ақысы

- 1) Пайғамбар ﷺ былай деді: «Иман алпыстан аса немесе жетпістен аса тармақтардан тұрады. Ең жоғарғысы «Лә иләһә илләЛлаһ» - деп куәлік ету, ең төмені жолдағы кедергіні алып тастау және ұялшақтық иманның бір бұтақтарынан».¹
- 2) Абу Сағид әл-Худрийден (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: «Жолдарда отырудан сіздерді ескертемін!» – деді. Оған адамдар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз жолда тұрып, жиналып әңгіме айтуға мұқтажбыз ғой!» – деді. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ: «Егер жолда тұрсаңдар, жолдың ақысын беріңдер!» – деді. Олар: «Жолдың ақысы қандай?» – деп сұрады. Аллаһ Елшісі ﷺ: «Көзді төмен түсіру, зиян тигізбеу, сәлем қайтару, жақсылыққа шақырып, жамандақтан қайтару». – деді.²

(105)

Сәлем беру

- 1) Пайғамбар ﷺ былай деді: «Иман келтірмейінше, жәннатқа кірмейсіңдер! Ал, бір-біріңді жақсы көрмейінше, иман келтірмейсіңдер! Сіздерге бір нәрсені айтайын ба, егер оны орындасаңдар бір-біріңді жақсы көретін? Араларыңда сәлемді таратыңдар!».³
- 2) Пайғамбарға ﷺ: «Исламның қай көрінісі ең жақсы?» — деп

¹ «Мұслим»

² «Бухари, Мұслим»

³ «Мұслим»

сұрақ қойылды. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Мұқтаждарды тамақтандыруың, танитын және танымайтын адамға сәлем беруің!» – деді.¹

(106)

Кіреді рұқсат сұрау

- 1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Рұқсат сұрау² қарауға болмайтын нәрсеге көз түсіп кетпес үшін бекітілді».³
- 2) Пайғамбар ﷺ: «Кімде-кім үш рет рұқсат сұраса және оған рұқсат берілмесе, кері қайтсын!». – деді.⁴

(107)

Үйге сапардан түндетіп келмеу

Пайғамбар ﷺ: «Егер біреулерің ұзақ мерзім үйінде болмаса, үйіне түндетіп келмесін!⁵».⁶ – деді.

(108)

Мәжіліс әдебі

- 1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Бір кісінің басқа кісіні отырған орнынан тұрғызып, оның орнына отыруына болмайды, алайда ығысып, кеңейіп отырыңдар».⁷

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бөтен үйге көз түсіп кетпес үшін, рұқсат сұрау бекітілді. Бұл хадисте үйлердің ішіне қарауға тыйым салынған.»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Бухари, Муслим»

⁵ «Егер сапардан түнде келсең, жанұяңа ескертпестен үйіңе барма, ал сенің келетініңді білетін болса, айыбы жоқ.»

⁶ «Бухари, Муслим»

⁷ «Бухари, Муслим»

- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім орнынан тұрып, кейін сол жерге қайта келсе, сол орынға өзі отыруға хақылы».¹
- 3) Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім бір қауымның әңгімесін тыңдаса және олар оның тыңдағанын ұнатпаған немесе одан қашқан болса, қиямет күні құлағына балқытылған қорғасын құйылады».²

(109)

Дос туралы

Пайғамбар ﷺ айтты: «Жақсы дос пен жаман достың мысалы, әтір сатушы мен көрік басушы секілді. Әтір сатушы саған әтірін сыйға береді немесе одан әтір сатып аласың немесе жақсы иісте боласың. Ал, көрік басушының қасында не киіміңді күйдіресің, не сасық иісте боласың».³

(110)

Біреуді көзінше мақтау

Бір кісі Пайғамбардың ﷺ қасында біреуді көзінше мақтады. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Сорың құрсын! Жолдасыңның мойнын кестің ғой!»– деп бірнеше рет айтты. Кейін Ол ﷺ: «Қайсыбіріңе біреуді мақтауға тура келсе: «Пәленшені сондай, сондай деп есептеймін, Аллаһ оның есепке алушысы, Аллаһтың алдында ешкімді пәктемеймін!».– деп айтсын деді».⁴

¹ «Муслим»

² «Бухари»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Бухари, Муслим»

(111)

Мұсылманды төмен санау харам

Пайғамбар ﷺ айтты: «Адамда жаман қасиеттің болуына, мұсылман бауырын өзінен төмен санау жеткілікті».¹

(112)

Сыбырласу

Пайғамбар ﷺ айтты: «Егер үшеу болсаңдар, екі адам біреуінің көзінше сыбырласпасын. Себебі, ол нәрсе оны қайғыртады».²

(113)

Күй аспаптары харам

Пайғамбар ﷺ айтты: «Менің үмметімнен зинаны, жібек (киімді), шарап (ішуді) және күй аспаптарын халал санайтын адамдар пайда болады».³

¹ «Муслим»

² «Бухари, Муслим»

³ «Бухари»

Тілге байланысты әдептер

(114)

Сөйлеу әдебі

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім Аллаңқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін!».¹
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім маған екі жақтың ортасындағыны және екі аяқтың ортасындағыны сақтаймын деп кепілдік берсе, мен оған жәннат болатынына кепіл боламын».²
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Расында, құл мән бермей бір сөз айтуы мүмкін, сол үшін тозаққа шығыс пен батыстың ара-қашықтығынан да алыс қашықтыққа құлайды».³

(115)

Шыншылдық

Пайғамбар ﷺ айтты: «Расында, шындық игілікке жетелейді, ал игілік жәннатқа жетелейді, шын мәнінде, адам шындықты ұстанып және оны үнемі айта, Аллаһтың құзырында шыншыл деп жазылады. Расында, өтірік күнәһарлыққа жетелейді, ал күнәһарлық тозаққа жетелейді, шын мәнінде, адам өтірікті ұстанып және оны үнемі айта, Аллаһтың құзырында нағыз сұайт деп жазылады».⁴

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бухари»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Муслим»

(116)

Жақсы сөз

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Жақсы сөз – садақа».¹

(117)

Мұсылманды сөгу харам

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Мұсылманды балағаттау – пасықтық, ал онымен соғысу – күпірлік».²
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Мүмінді лағынеттеу – оны өлтіргенмен тең».³
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Расында, лағынет айтушылар қиямет күні куәгер де, шапағатшы да болмайды».⁴

(118)

Ғайбат айту

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Барлық мұсылманның мұсылманға қаны, мал-мүлкі және ар-намысы харам».⁵
- 2) Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) айтты: Пайғамбарға ﷺ: «Жетер енді Сізге сол (бойы құттай) Сафиядан!» – деп едім, Пайғамбар ﷺ маған: «Сен сондай сөз айттың, егер сол сөз теңіз суымен араласса, оны өзгертіп жіберер еді!» – деді.⁶

¹ «Бухари, Муслим»

² «Бухари, Муслим»

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Муслим»

⁵ «Муслим»

⁶ «Абу Дауд»

3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Миғражда болғанымда, бір қауымның қасынан өттім, олар мыстан жасалған тырнақтарымен беттері мен кеуделерін тырнап жатты. Мен Жәбірейілден: «Уа, Жәбірейіл! Мыналар кімдер?» – деп сұрадым. Жәбірейіл: «Мыналар адамдардың етін жеп, ар-намыстарына тигендер!». – деді.¹

(119)

Өсек айту

Пайғамбарымыз ﷺ: «Өсекші жәннатқа кірмейді!» – деді.²

(120)

Адамдарды күлдірту үшін өтірік айту

Пайғамбарымыз ﷺ: «Адамдарды күлдірту үшін өтірік айтатын адамның соры құрсын! Соры құрсын! Соры құрсын!». – деді.³

¹ «Абу Дауд»

² «Мүслим»

³ «Ахмад»

Мінез-құлық

(121)

Көркем мінез-құлық

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Расында, сендердің ең жақсыларың – жақсы мінез-құлықтыларың».¹
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Мүміндердің иман тұрғысынан кәмілдері – көркем мінез-құлықтылары».²
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Қиямет күні мүміннің таразысында жақсы мінез-құлықтан ауыр нәрсе болмайды».³

(122)

Жарқын жүзді болу

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Жақсылықтың ешқайсысын азсынбаңдар! Тіпті, бауырыңды жарқын жүзбен қарсы алсаң да!».⁴

(123)

Кішіпейілділік

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Садақа бергеннен мал-мүлік азаймайды. Аллаһ Тағала кешірімді құлдың тек дәрежесін арттыра береді. Кімде-кім Аллаһ үшін кішіпейілді болса, Аллаһ Тағала оны көтеріп қояды».⁵

¹ «Бухари, Муслим»

² «Ахмад»

³ «Абу Дауд»

⁴ «Муслим»

⁵ «Муслим»

(124)

Басқаларға жақсылық қалау

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Өзіне қалаған жақсылықты бауырына қаламайынша, сендерден ешкім иман келтірмейді».¹

(125)

Жақсылыққа бағыттау

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім жақсылық жасауға бағыттаса, жасаған адамның сауабын алады».²

(126)

Шүкіршілік

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Адамдарға рахмет айтпаған, Алланқа рахмет³ айтпайды».⁴

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

³ «Аллаһ Тағаланың берген нығметтеріне шүкіршілік етпейді».

⁴ «Ахмад»

Жаман сипаттар

(127)

Көре алмаушылық

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңді күндемеңдер, бір-біріңнен теріс айналмаңдар, бауыр болыңдар, уа, Аллаһтың құлдары!».¹

(128)

Жаман ойда болу

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Жаман ойдан сақ болыңдар, өйткені, жаман ой сөздің ең жалғаны²». ³

(129)

Һәджр қылу⁴

Пайғамбарымыз ﷺ: «Мұсылман кісіге бауырын үш күннен артық тастап қоюына рұқсат жоқ, бір-бірімен кездескенде мынау да теріс айналады, анау да теріс айналады, ал олардың жақсысы – бірінші сәлем бергені». – деді.⁵

¹ «Бухари, Муслим»

² «Құр ойдан туындаған әңгіме, әңгіменің ең жалғаны».

³ «Бухари, Муслим»

⁴ «Қарым-қатынасты үзу»

⁵ «Бухари, Муслим»

(130)

Екі жүзділік

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Расында, адамдардың ең жаманы – екі жүздісі. Ол бір топ адамға бір бетпен, екінші топқа басқа бетпен барады».¹

(131)

Алдау

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім бізді алдайтын болса, ол бізден емес».²

(132)

Адамдардың мал-мүлкін сұрау

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Кімде-кім адамдардың мал-мүлкін өзінікін көбейту үшін сұраса, шын мәнінде, ол жанған көмір сұрады. Аз сұрасын немесе көп сұрасын».^{3, 4}

¹ «Бухари, Муслим»

² «Муслим»

³ «Яғни, жанған көмірмен азапталады».

⁴ «Муслим»

Әйелдерге қатысты

(133)

Ұялшақтық

Пайғамбарымыз ﷺ айтты: «Ұялшақтықтың бәрі жақсылық».¹

(134)

Бет жабудың уәжіп екендігі

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Аллаһ Тағала әуелгі муһаджир әйелдерді мейіріміне бөлесін! Хиджаб аяты түскен кезде, изар маталарын бөліктерге бөліп, химар қылып бастарына жамылды²».³

(135)

Көзді төмен түсіру

Джарир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ кенеттен бір әйелге қарап қалу туралы сұрадым. Ол маған көзімді төмен түсіруді бұйырды⁴».⁵

(136)

Әйел адамның күйеуінің алдындағы міндеті

Пайғамбар ﷺ: «Егерде адамның адамға сәжде етуін бұйыратын болсам, әйелдің күйеуіне сәжде етуін бұйырап едім!»⁶ — деді.

¹ «Мұслим»

² «Химармен басымен қоса беттерін, мойындарын және кеуделерін жапты. Нұр сүресі 31 аят»

³ «Бухари»

⁴ «Адамның қалауысыз бөтен әйелге көз түссе, дереу көзін түсіру міндет. Егерде дереу көзін түсірсе күнәлі болмайды, ал жалғастырып қарап тұрса, күнә арқалайды».

⁵ «Мұслим»

⁶ «Тирмизи»

(137)

Бөтен әйелдің үйіне кіру харам

Пайғамбар ﷺ айтты: «Әйелдермен араласып, оңаша қалудан сақ болыңдар!» Сонда Ансарлардан бір кісі: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Қайын іні (аға) болса ше?» – деді. Пайғамбар ﷺ: «Қайын іні (аға) – ол өлім!»¹ – деді.²

(138)

Махрам емес әйелмен қол ұстасып амандасу харам

- 1) Пайғамбар ﷺ: «Расында, мен әйелдермен қол ұстасып амандаспаймын!». – деді.³
- 2) Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) айтты: «Аллаһпен ант етейін! Аллаһ Елшісінің ﷺ қолы бөтен әйелдің қолын ешқашан ұстаған емес».⁴

¹ «Яғни, қайын іні немесе қайын ағамен оңаша қалу өлім сияқты құртып жіберетін, өте қауіпті нәрсе».

² «Бухари, Муслим»

³ «Ахмад»

⁴ «Бухари, Муслим»

(139)

**Бөтен әйелмен оңаша қалу және махрамсыз сапар
қылу харам**

- 1) Пайғамбар ﷺ айтты: «Еркек адам бөтен әйелмен оңаша қалмасын, сондай-ақ, ешқандай әйел махрамсыз сапарға шықпасын».¹
- 2) Пайғамбар ﷺ айтты: «Еркек адам бөтен әйелмен оңаша қалмасын, өйткені шайтан олардың үшіншісі».²

¹ «Бухари, Муслим»

² «Нәсәи»

Аллаһпен кездесу

(140)

Аллаһпен кездесу

Пайғамбар ﷺ айтты: «Кімде-кім Аллаһпен кездесуді жақсы көрсе, Аллаһ та онымен кездесуді жақсы көреді. Ал, кімде-кім Аллаһпен кездесуді жек көрсе, Аллаһ та онымен кездесуді жек көреді».¹

¹ «Бухари, Муслим»

Кітаптың мазмұны

Кітаптың мазмұны

КІРІСПЕ	5
Артықшылықтар бөлімі	7
Білім талап етудің артықшылығы	8
Құран үйренудің артықшылығы	8
Аллаһты еске алудың (зікір етудің) артықшылығы.....	9
Білім мәжілістерінің артықшылығы	10
Зікірлер бөлімі	11
Дәрет алу.....	12
Әжетханаға кірер кезде айтылатын дұға.....	13
Әжетханадан шыққан кезде айтылатын дұға	13
Дәрет алып болғаннан кейін айтылатын дұға.....	14
Намаз.....	15
Азан	16
Мешітке кіргенде және одан шыққанда айтылатын дұға.....	18
Намаздың басында оқылатын дұға (ду'а әл-истифтәх).....	19
Намаз және Құран оқу кезінде шайтанның азғыруына қарсы айтылатын дұға	24
Руку'та айтылатын дұғалар	24
Руку'тан көтерілгенде айтылатын дұғалар	26
Сәждеде айтылатын дұғалар	27
Әт-Тәхийят (Тәшәһүд) сөздері.....	28
Сәлем беруден бұрын оқылатын дұғалар	30
Сәлемнен кейін айтылатын зікірлер	31
Құнұт дұғасы.....	35
Үтір намазында сәлем бергеннен соң айтылатын зікір.....	36
Истихара намазының дұғасы	37
Ауруға байланысты дұғалар.....	39

Денесінде ауру сезінген кісі не істеу керек?	40
Науқасты зиярат қылғанда айтатын дұға.....	40
Жан тапсырғанда айтатын сөз	42
Жаназаға байланысты дұғалар	43
Мәйітке жаназа намазын оқығанда айтатын дұға.....	44
Көңіл айту	45
Мәйіт жерленген соң оқылатын дұға	45
Қабірлерді зиярат еткенде оқылатын дұға	46
Қайғы-қасіретке байланысты дұғалар	47
Мұң, қайғы басқанда оқылатын дұға.....	48
Қайғы-қасіретке ұшырағанда айтатын дұға	48
Бір қауымнан қорыққан кезде айтатын дұға	49
Дұшпанға қарсы айтылатын дұға	50
Сапарға қатысты дұғалар	51
Жолаушыны жолға шығарып саларда айтылатын дұға	52
Сапар дұғасы	52
Жолда көтерілгенде немесе төмен түскенде айтылатын зікір.....	54
Сапардағы кісінің таң атқанда айтатын дұғасы.....	54
Ауылға немесе қалаға кіргенде айтатын дұға	55
Сапардан қайтарда айтатын дұға	56
Қажылыққа байланысты дұғалар.....	57
Тәлбия айту.....	58
Қағбаның Қара тас тұрған бұрышына келгенде тәкбір айту.....	58
Қағбаның Йемен жақтағы бұрышы мен Қара тас тұрған бұрышы арасында айтылатын дұға	59
Сафа мен Маруаның үстінде айтылатын дұға	59
Мәшһарул-Харамда (Муздәлифә) айтылатын дұға.....	60
Шайтанға әрбір тасты атқанда айтатын тәкбір	60
Құрбандық шалу	61
Үй және киімге байланысты дұғалар	62

Үйге кірген кезде айтылатын дұға	63
Жаңа киім кигенде айтылатын дұға	63
Тағамға байланысты дұғалар	64
Ағаштар жеміс бергенде айтылатын дұға	65
Тамақтанар алдында айтылатын дұға	65
Тамақтанып болған соң айтылатын дұға	66
Қонақтың тамақ иесіне айтатын дұғасы	66
Некеге байланысты дұғалар	67
Үйленген кісіге айтатын дұға.....	68
Ер адам әйеліне жақындағанда айтатын дұға	68
Түн және ұйқыға байланысты дұғалар	69
Түн болғанда айтатын зікірлер	70
Ұйықтар алдында айтылатын дұғалар	70
Ұйқыдан тұрғанда айтылатын дұғалар	75
Түс көруге байланысты дұғалар	77
Жақсы түс көргенде не істейді?	78
Жаман түс көргенде не істейді?	78
Таңертең және кешке айтылатын дұғалар	80
Таңертең және кешке айтылатын дұғалар	81
Балаларға шайтаннан және көз тиюден пана бер деп Аллаһтан дұға ету	89
Жалпы зікірлер.....	90
Тасбих және тахмид айту	91
Тәһлил айту.....	93
Хауқолә айту.....	94
Кешірім сұрау және тәубе ету.....	95
Жел және жаңбырға байланысты дұғалар	96
Жел тұрғанда айтылатын дұға	97
Жаңбыр жауғанда айтылатын дұға	97
Әтеш шақырғанда және есек ақырғанда айтылатын дұға	99

Әтеш шақырғанда және есек ақырғанда айтылатын дұға.....	100
Адамдармен қарым-қатынасқа байланысты дұғалар	101
Уақытша бір үйге тұрақтаған кезде айтылатын дұға	102
«Мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін!» – деген кісіге айтылатын дұға	102
Басқа біреуден бір нығмет көргенде айтылатын дұға	103
Бір нәрсеге таң қалғанда айтылатын дұға	103
Түшкіргенде айтылатын дұға	103
Ашуланғанда айтатын дұға	104
Жақсылық істеген кісіге айтылатын дұға	104
Мәжілістің кәффараты (төлемі)	105
Әдептер бөлімі	106
Аллаһтың хақысы.....	107
Аллаһқа деген ықыластық	108
Аллаһтың көріп тұрғанын естен шығармау	108
Дұға ету.....	108
Сурет салу туралы	109
Ғибадаттар.....	110
Құранды қайталау және оны үнемі оқу	111
Жамағат намазы уәжіп	111
Мешітке аяқтай жүріп бару.....	111
Жаратылыстардың хақылары.....	112
Пайғамбардың ﷺ хақылары	113
Ата-анаға жақсылық	114
Туыстық қарым-қатынас	114
Көршіні құрметтеу	115
Қонақты құрметтеу	115
Ғұламалар мен салихалы адамдарды құрметтеу	115
Үлкенді құрметтеу.....	116
Науқасты зиярат ету.....	116


Тазалық туралы.....	117
Қажетін өтеу әдептері	118
Фитраға байланысты қажеттіліктер.....	118
Сиуәк қолдану	119
Түшкіру әдебі.....	119
Есінеу әдебі	120
Киім және сыртқы келбет туралы	121
Изарды тобықтан түсіру харам	122
Аяқ киім кию әдебі	122
Сақал жіберу уәжіп	122
Қозағ туралы.....	123
Жасанды шаш жалғау, денеге сурет салу және қас жұлу туралы.....	123
Бір қауымға ұқсап, еліктеу туралы	124
Тамақтану және су ішу әдебі.....	125
Тамақтану әдебі	126
Су ішу әдебі	126
Тамақтанып және су ішіп болғаннан кейінгі әдептер.....	127
Қарым-қатынасқа байланысты әдептер	128
Жол ақысы	129
Сәлем беру	129
Кіреді рұқсат сұрау	130
Үйге сапардан түндетіп келмеу	130
Мәжіліс әдебі	130
Дос туралы.....	131
Біреуді көзінше мақтау.....	131
Мұсылманды төмен санау харам.....	132
Сыбырласу	132
Күй аспаптары харам.....	132
Тілге байланысты әдептер	133

Сөйлеу әдебі.....	134
Шыншылдық	134
Жақсы сөз	135
Мұсылманды сөгу харам.....	135
Ғайбат айту	135
Өсек айту.....	136
Адамдарды күлдірту үшін өтірік айту	136
Мінез-құлық.....	137
Көркем мінез-құлық	138
Жарқын жүзді болу.....	138
Кішіпейілділік	138
Басқаларға жақсылық қалау.....	139
Жақсылыққа бағыттау	139
Шүкіршілік	139
Жаман сипаттар.....	140
Көре алмаушылық	141
Жаман ойда болу	141
Һәджр қылу	141
Екі жүзділік	142
Алдау.....	142
Адамдардың мал-мүлкін сұрау	142
Әйелдерге қатысты	143
Ұялшақтық	144
Бет жабудың уәжіп екендігі	144
Көзді төмен түсіру.....	144
Әйел адамның күйеуінің алдындағы міндеті.....	144
Бөтен әйелдің үйіне кіру харам	145
Махрам емес әйелмен қол ұстасып амандасу харам	145
Бөтен әйелмен оңаша қалу және махрамсыз сапар қылу харам.....	146

Аллаһпен кездесу	147
Аллаһпен кездесу.....	148
Кітаптың мазмұны.....	149
Кітаптың мазмұны.....	150

«Білім талапкерінің баспа және тарату ұйымы»

00966506090448



БІЛІМ ТАЛАПКЕРІНІҢ МӘТІНДЕРІ

Бастауыш деңгей	◇ Зікірлер мен Әдептер
Бірінші деңгей	◇ Үш негіз және оның дәлелдері ◇ Төрт ереже ◇ Мұсылманшылдықты бұзатындар ◇ Имам ән-Нәуауидің қырық хадисі
Екінші деңгей	◇ Құран тәжүиді ◇ Намазды дұрыс оқу ◇ Таухид кітабы
Үшінші деңгей	◇ Байқуния хадис терминологиясы ◇ Әбу Исақ әл-Илбири ◇ Әл-Әджуррумия араб тілі грамматикасы ◇ Уасатия ақидасы
Төртінші деңгей	◇ Әл-Уарақат усул фиқһ ережелері ◇ Әл-Хикам ◇ Әр-Рахабия мирас ілімі ◇ Әт-Тахауия ақидасы
Бесінші деңгей	◇ Булуғ әл-Марам ◇ Зад әл-Мустақниғ ◇ Ибн Мәликтің Әлфиясы
Алтыншы деңгей	◇ Екі сахих кітабының жинағы ◇ Әл-Бухари мен Муслимда жеке келген хадистер ◇ Екі сахих кітабына қосымша келген хадистер